

Екі айда бір шығатын, мектепке дейінгі сәби тәрбиесіне арналған, ғылыми әдістемелік, педагогтік журнал

№5 (218) қыркүйек-қазан 2023 жыл
Журнал 1994 жылдан бастап шыға бастады

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дуанбекова
Бейбіткүл Сатыбалдықызы
Бөлім редакторы – Әсем Ғабиденқызы
Дизайнер – Әмір Әбсадық

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Әбішқызы Сайраш
Бейсенбиева Күләш
Жұмабекова Фатима

Теруге жіберілген күні 27.10.2023
Басуға қол қойылған күні 6.11.2023
Таралымы 400
Қалпы 84x108
Көпьютерлік басылым
Баспа табағы 4,0
Шартты баспа табағы 4,67
Тапсырыс 246
Индекс 75745

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

Алматы қаласы
Халиуллина көшесі 212/25
Ұялы тел: 8 701 258 89 26,
8 747 723 62 84

Электронды пошта:
duanbekova58@mail.ru

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
тіркеліп, №8955-Ж куәлігі берілген.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Отбасы және балабақша» ЖШС
«VEDA PRESS» баспаханасында
басылды.
тел. +7 (727) 266 55 87
тел. +7 (727) 266 27 65
© «Отбасы және балабақша».
№5 (218) қыркүйек-қазан 2023 жыл

МАЗМҰНЫ

ТӘРБИЕШІ, СІЗ ҮШІН: ОҚЫ, ҮЙРЕН, ҚОЛДАН

БИЯХМЕТОВА Г.К. «Тәрбиеші болу бір бакыт!».....	2
КАЛИМБЕКОВА Ж.Т. «Бала тәрбиесі балабақшадан басталады»	3
ШАЛАБАЕВА А.Б. «Робототехника – баланың шығармашылық қабілетін дамытудың негізгі құралы»	3
ЖОЛЫМБЕТОВА К.М. «Эксперименттік тәжірибе ойындары балалардың денсаулығын, танымдық қабілетін дамытушы субъект»	5
ШАНАЕВА Ж.Н. «Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы»	7
ХАЙДАРОВА М.А. «Ата-аналар баланың жас шамасына байланысты даму деңгейлерін білуі тиіс»	9
ҚОБЛАНОВА А.Р. «Бөбекжай тынысы – балалар өмірі»	10

БІЗДІҢ БАЛАБАҚШАМЫЗДА

ДҮЙСЕНОВА Л.Т. «Балабақшаның отбасымен өзара әрекетінің негізгі формалары»	12
АЙТКУЖИНА Д.К. «Балабақшадағы психологиялық түзету – дамыту жұмысы»	13
СЕЙТАЛИЕВА Г.А. «Бірлігіміз жарасқан!».....	15
КАНАТОВА Б.Ж. «Ертегілер елінде»	16
Т.ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ. «Үйшік» ертегісі.....	17
ШЕКЕНОВА Г.Ф. «Әдемі құмыра».....	18
ТҮЛЕГЕНОВА А.Қ. «Ойлан тап».....	19
ДОСКАЛИЕВА А.Т. «Жеміс сусыны»	20
АЛИЕВА Т.Қ. «Көктем келді».....	21
ИЗБАСАРОВА Р.М. «Жайлауда».....	22
БАКТИГУЛОВА Л.З. «Жол ережесін сақтайық»	23
ЖУБАНАЛИЕВА Р. С. «Ғажайып қыс»	25
ШАЙМАРДАНОВА А.А. «Ауыл көрінісі»	26
НҮРҒАЛИЕВА И.Б. «Менің Отаным – Қазақстан!»	31

БАЛАБАҚША ТЫНЫСЫ

АЛИЕВА А. Г., САДЫРОВА Ш. Ф. «Бүлдіршіннің болашағына жол ашу – үлкен ізденіс».....	32
БАЯМИРОВА Г. А. «Ұлттық құндылықтарды электронды кітапхана арқылы насихаттау»	34
ҚАЛАУОВА А. ЖАЙШЫЛЫҚ А. «Заманауи дидактикалық ойындардың картогекасы»	35
САХБАЛИЕВА А. «Бейнелеу өнері іс-әрекетінде үйірме жұмысын қолдану арқылы балалардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру»	38

ТӘСІЛ НЕГІЗІ – ТӘЖІРИБЕ

ИМАНБАЕВА Ж. «Өлкемізге күз келді!»	40
ШАРИЕВА М.Г. «Жемістер мен көкөністер»	41
ИСАТАЕВА Ә.З. «Құлпынай мекені»	42
АХМЕТОВА А.Ө. «Қожалыққа саяхат»	44
КЕНЕЛДИКОВА Г.Ж. «Үлкен және кішкентай үйшіктер»	45
СИСЕНОВА Н.Б. «Сикырлы пішіндер»	46
АБДРАХМАНОВА А.Ж. «Қазақ халқының ұлттық қол өнері».....	47
АУБЕКЕРОВА В.Қ. «Жоғалған ноталар»	48
КЕНЖЕШОВА М. «Құстың ұясы».....	50
НУРГАЛИЕВА К.Ж. «Дала құстары мен үй құстары»	51
ДОСПАНОВА Г.М. «Шынықсаң шымыр боласың!»	52

ВОСПИТАТЕЛИ ДЕЛЯТСЯ ОПЫТОМ

ЖИЕМБАЕВА В.У. «Робототехника – как инновационное техническое творчество в дошкольном образовании».....	54
ДЮСЕМБЕЕВА Ж.К. «Современные аспекты подготовки детей к обучению в школе в условиях детского сада»	56
ДОБРОВА Л. К. «Зачем нужна методика ТРИЗ в детском саду?»	57
КАЛИМБЕТОВА Г.К. «Путешествие по островам Знаний»	58
ОЛЖАГАЛИЕВА Д. «Виды транспорта»	60
МАМЕДОВА Г.М. «Солнечные лучи»	62
КЕРИМОВА Г.Т. «Педагог с золотым сердцем»	63



«ТӘРБИЕШІ БОЛУ БІР БАҚЫТ!»



БИЯХМЕТОВА Гүлнәр
Көкентайқызы,
Алматы қаласындағы КМҚК
№100 «Гауһар» бөбекжай-
балабақшасының
меңгерушісі

*...Қалаған ісіңе ғашықтық пейілмен қарай білсең,
өмірден өз орныңды тапқандығың.
Халық даналығы*

Мен үшін осынау өмірдегі ең қастерлі, әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиеші. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің болашағы, бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеу жолын таңдаған жанның еш арманы болмасы анық. Ауыртпалығы мен жауаптылығы қырық атанға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып, ұстаздық сара жолды жалғастырып келе жатқан майталман мамандық иелерін мактан етемін! Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығыңа деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәнімен берілген жан ғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал әрі мағыналы, жемісті әрі нәтижелі еңбекте жатқандығын түбегейлі түйсіне алған әр адам биікке бастар жолдың қадірін салмақтай біледі. Мұндай философиялық қағида ертеден қалыптасқан жоғары адагершілік ұғымымен астасып жатыр. «Кәсібің – нәсібің» дейді қазақ даналығы. Шын жүреппен қалаған кәсіп арқылы, жемісті еңбек арқылы өмірлік несібенді, абырой-беделінді, қоғам алдындағы құрметінді еселей аласың.

Тәрбиешінің қазіргі таңдағы білімі төрткүл дүниенің терезесімен теңесердей деп қарастыра бермесек, онда төмендегідей тұжырымдар шығады:

Тәрбиеші мектепке дейінгі білім беру әдістемесін

меңгеруі керек және өзімен үнемі жұмыс істеп, арнайы іскерліктер мен білім, білік-дағдыларын дамытып отыруы тиіс. Өзінің шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруға, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістемелерді игеріп, компьютерді, интернетті пайдалана білуі шарт. Тәрбиеші шығармашыл тұлға болуы керек. Ол ән айта білетін, билейтін, қуыршақтарды «жандандыратын», өлең оқи білетін, ертегілерді айтып бере алатын, іс тігу, сурет салу, табиғи материалдан, қағаздан, бөтелкеден және банкалардан, қақпақтар мен қораптардан ойыншықтар жасай білетін жан-жақты маман болуы тиіс. Балалармен бірге ойнап, қажет жағдайда дос та бола білуі керек. Ол ертегідегі қиялдар әлеміне жолсерік бола жүріп, балалардың көңілін көтеріп, махаббатын, нәзіктігін, таңданысын тудыруы тиіс. Тәрбиеші балаға өзі үшін ең қиын және маңызды істе, басқа балалармен қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Ол бала қуанышымен немесе ренішімен бөлісе білуі тиіс. Тәрбиеші болу – айтуға оңай шаруа болғанымен, бұл мамандықтың қоғам үшін қаншалықты маңызды екенін сол кәсіпті таңдағандар, осы жолда еңбек етіп жүрген жандар жақсы түсінеді.

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері ертеңгі елім деп еміренетін ұрпақты тәрбиелеу жолында тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Олай болса, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты тәрбиелеу – біздерге жүктелген аса жауапты міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші тынымсыз еңбек етеді. Олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.



«БАЛА ТӘРБИЕСІ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ»



КАЛИМБЕКОВА Жамиля
Туарқызы,
Текелі қаласындағы №1
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпағын тәрбиелеу мәселесі бүгінде өзекті тақырып болып отырғаны баршамызға белгілі. Бұл мәселенің шешімін табуда үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде оны жетілдіру жолдарын ұдайы іздестіруде. Баланың дұрыс тәрбие алуын, білімге деген құштарлығын, қызығушылығын арттыруды, ұлтымызға тән қасиеттерді бала бойына сіңіруді мектепке дейінгі ұйымдардан бастау жұмыстарын жүзеге асыру жолдары қадағалануда. Балабақша – бүгінгі таңда бүлдіршіндерді болашақта ата дәстүрін сақтайтын инабатты да ибалы, үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін тәрбие орталығына айналып отыр. Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесі ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне жіті көңіл бөліп, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып балаға жақсы тәрбие беру жолдарын қарастыруда ұжымдағы әрбір тәрбиешіден тапқырлық пен іскерлік, ізденімпаздық пен шығармашылық талап етіледі. Тәрбиелеу мен оқыту – бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманымыздың жанашыл педагогының осы екі үрдісті бірдей алып жүруі оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана сезіміне өз елінің, жерінің

тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен қалыптастыру қажеттігі айтылып келеді. Мұндай тәрбие ата-анамен ынтымақтастықта бірлесе жұмыс жүргізгенде ғана өз нәтижесін береді.

Тәрбиенің сан алуан қарапайым дағдыларын бала санасына орнықтыру, баланың ана тілін толық меңгеруі, ұлттық сана-сезімін тәрбиелеу, денсаулығын түзеу, тәрбие жұмысындағы әдіс-тәсілдерді білу – мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиешілердің тікелей міндеті деп айта аламын.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген екен: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан атамның даналық ойы болашақтың негізі білімді ұрпақ екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі – біздің болашақ ұрпақ қолында. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда педагог қауымына үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Ендеше, отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу. Ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Олай болса, өз ісімізге жауапкершілікпен қарау қажет екенін әрдайым естен шығармайық.

«РОБОТОТЕХНИКА – БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ»



ШАЛАБАЕВА А.Б.,
Атырау қаласындағы
№4 «Бәйтерек» бөбекжай-
бақшасының II-санатты
басшы-менеджері

Бүгінгі заман робототехниканың қарыштап дамыған кезеңі. Өйткені, барлық салада жаңаша көзқарас қалыптасып, тиімді жаңа технологиялар қол-

данысқа енгізілді. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру жүйесін жаңарту мақсатында тиімді жолдар іздестіріліп, инновациялық технологиялар жан-



жақты зерделеніп, сараланып білім үдерісіне енгізілуде. Инновациялық технологиялардың дамыған кезеңінде, балалардың заманауи техникаға, компьютерге, леголорды құрастыруға деген қызығушылықтарын ескере отырып, бөбекжай-бақшамызда биылғы жылдың басында «Робототехника», «Интеллектум» кабинеті ашылды. Робототехника – тек қана құрастыру ғана емес, сонымен қатар балалардың техникалық іс-әрекеттерін, белгіленген мақсатқа жету үшін жұмысты құру қабілетін, ұжымда жұмыс жасау дағдыларын дамытады. Жаңа талаптар заманауи тәсілдерді қажет ететіндігін ескере отырып, жаңа инновациялық технологияларды енгізу жұмыстары бойынша жоспар жасакталды. Жоспар бойынша балабақшамыздың 15 педагогы «Мектепке дейінгі білім берудегі робототехника негіздері, робот құрастыру және оны бағдарламалау» тақырыбымен Алматы қаласындағы «STEAM EDUCATION» компаниясы ұйымдастырған курсқа қатысып, сертификат алды.

Сонымен қатар, педагогтарға арналған теориялық, практикалық әдістемелік шаралар ұйымдастырылды. Ересек, мектепалды даярлық топтарына арналған перспективалық жоспар жасакталып, картотекалары дайындалды. Өткен оқу жылында тек қана ересек, мектепалды даярлық топтарының балаларына арналған сабақтар, ойындар ұйымдастырылса, биылғы жаңа оқу жылында робототехника құрал-жабдықтарының тартымдылығын, ұтымдылығын ескере отырып, барлық жас топтарына қолдану шараларына дайындық жұмыстарын жүргізудеміз. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мақсаттары мен міндеттері өзгертіледі.

Робототехника – бүлдіршіндердің заманауи технологияларды қолжетімді ұғынуына, игеруіне жағдай туғызатын әдістердің бірі деп есептеймін. Роботтық технологияның болашағы өте зор. Қазіргі таңда робототехника өзекті мәселенің бірі болып табылады. Робототехниканың балаларға тәрбие мен білім берудегі өзектілігі: балаларға ойнай отырып, оқуға және ойын барысында білім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, балабақшада оқу қызметінде қолданылатын тиімді құралдардың бірі болғандықтан, балалар ойын барысында ойлау қабілеттерін дамытады, өз ойларын жүзеге асырады. Ойын арқылы өз жетістігін көре отырып, өзіне деген сенімділігін арттырып, келесі кезеңге оңайдан күрделіге ауысуға талпынады. Қазіргі кезде балабақшамызда робототехниканың жиырмадан астам «STEAM Роботышқан жиынтығы», «Бизикуб заны Zoo», «Пескография», «Настенные легио блоки», «Мультстанок» т.б. жиырмадан астам ойын-құралдары бар. Кестеге сай балалар аптасына екі рет тәрбиешілерімен бірге робототехника ойындарымен ойнап, білімдерін толықтырады. Биылғы жылы мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушісі Сембаев

Зейін Атырау облысы көлемінде ұйымдастырылған «World Skills Atyrau» қозғалысы аясында өңірлік «Baby Skills Atyrau-2023» чемпионатына «Мобильді Робототехника» құзыреттілігі бойынша қатысып, жүлделі 3-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Тәрбиешіміз Садыкова Тыныштық Аманбайқызы «World Skills Atyrau» қозғалысы аясында өңірлік «Baby Skills Atyrau-2023» чемпионатының Сертификатымен марапатталды. Балабақшамызда робототехникадан басқа да әртүрлі технологиялар «Интеллектум», «Дьенеш блоктары», «Никитин ойындары» тақырыптарға сай кеңінен қолданылуда. Педагогтар жаңа тиімді инновациялық технологияларды балабақшада қолданып қана қоймай, ашық іс-шараларда, қалалық семинарларда тәжірибесімен бөлісуде. Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша жыл басында Атырау қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында интеллектуалды дамытушы ойындардың рөлі» тақырыбында бөбекжай-бақшамыздың педагогтарының шығармашылық жетістіктерімен тәжірибе бөлісу мақсатында мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының тәрбиешілеріне арналған қалалық семинар өткізілді. Семинарда педагогтарымыз балабақшада «Робототехника», «Интеллектум», «Дьенеш блоктары», «Никитин ойындары» құралдарын қолдана отырып, ашық оқу қызметін көрсетті. «Робототехника» бағытын меңгеру дағдысы жоспарға сәйкес екі кезеңге бөлінді. Біріншісі, әдістемелік нұсқауларды зерттеу, нұсқаулар бойынша ойын атауларына сәйкес құрастыру, ойнау, ойынның мазмұны бойынша ой бөлісу. Екіншісі, балаларды ойын атауларына сәйкес ойын мазмұнымен, құралдармен таныстыру. Жас ерекшеліктеріне сай ойындарды ойнату. Балаларға архитектор, құрылысшы, жобалаушы т.б. мамандықтар бойынша табысқа жетуге мүмкіндік береміз. Балалармен бірге кедергілерді, қиыншылықтарды жеңіп, табысқа жетуіне көмектесеміз. Робототехника – қазіргі заманауи талаптарды орындаудың бір бөлігі деп санаймын. Балалар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Міндетіміз – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

Әдебиеттер:

1. Бедфорд А. Большая книга LEGO-Мани // М., 2014 г.
2. Қазақстан-2050 стратегиясы
3. Комарова Л. Г. // Строим из Лего (моделирование логических отношений объектов реального мира средствами конструктора LEGO) // М., «Мозаика-Синтез», 2006 г.
4. Е. В. Фешина «Лего-конструирование в детском саду» // М. Творческий центр «Сфера», 2012 г.



«ЭКСПЕРИМЕНТТІК ТӘЖІРИБЕ ОЙЫНДАРЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН, ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУШЫ СУБЪЕКТ»



**ЖОЛЫМБЕТОВА Карлыгаш
Мулхатқызы,**
Құлсары қаласындағы
ҚМҚК «Аққайың» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті ойынмен тікелей байланысты. Бала ойын арқылы өзін ашық көрсетіп, өз әлемін құра біледі. Қазіргі таңда балаларды жан-жақты дамыту үшін оларға сапалы білім беріп, өз бетімен әрекет етуге баулып, белсенділігін арттыру мақсатында ерте жастан эксперименттік тәжірибе ойындары арқылы тәрбиелеудің маңызы зор. Эксперименттік, саяхат ойындары дидактикалық ойындардың бір түрі болып саналады. Эксперименттік ойын дегеніміз — заттарға эксперименттік тәжірибе жасау арқылы ойнау. Саяхат ойындарында балалар заттар әлеміне саяхат жасай жүріп ойын барысында кездесетін келеңсіз жайттарды шешуге талпынады. Мұндай ойындардың мақсаты — балаларды тәжірибе іс-әрекет түрімен таныстырып, қызықтыру арқылы іс-жүзінде өз бетімен әрекет ете білуге тәрбиелеу, қызығушылығын ояту, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері: Заттардың қасиеттерімен таныстыру, жеңіл тәжірибелерді жүргізе білу, сараптама жасау, талқылай білу іскерліктерін қалыптастыру. «Таңғажайып» нәрселерді ғылыми тілмен түсіне білуге үйрету. Жаңалық ашқан сәттеріне қуанту, білуге құштарлық сезімдерін, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Табиғи құндылықтар күн, су, ауаны пайдалану арқылы балалар денсаулығын сақтау.

Ойын түрлерін таңдауда педагог мынандай принциптерді сақтайды: Тәжірибе түрінің бала жасымен сәйкес келуі. Ойын мазмұнының қолжетімділігі. Көрнекіліктердің педагог пен баланың іс-әрекетіне сай болуы. Балалардың психо-эмоционалдық көңіл-күйінің жағымды, белсенділігі мен қызығушылығының болуы, ойын уақытын сақтау. Ойынның бірте-бірте мазмұнын қиындату.

Баланы тәжірибе жасату арқылы дамыту жана заманның алға қойған білім беру мақсаттарының бірі

болып табылады. Өздері тәжірибе жасау арқылы қоршаған орта туралы баланың алған білімі, дайын бейнені біреудің айтуымен емес, өзінің көріп білгенімен берік болады. Балалар эксперимент жасағанды ұнатады. Біз оларға көрнекі құралдарды пайдалану арқылы түсінік береміз. Тәжірибе жасау арқылы балалар «Қалай?», «Неге?» сұрақтарына жауап ала алады. Жаңалық ашуға деген құштарлық, үнемі эксперимент жасауға қызығушылық, әлем туралы жаңа мәлімет білу — балаларға тән қасиет. Бұл ойлана білу, өз бетімен әрекеттену, ең бастысы өз мүмкіндігіне сену. Сондықтан заттық-дамытушы ортаны керекті дидактикалық материалдармен толықтыру қажет. Мұнда балалар бос уақыттарында қалаған істерімен айналысып, алған білімдерін бекітеді. Ойын әрекетінен бөлек балаларды жеңіл түрде жасалатын зерттеу жұмыстарына тарту қажет. Тәжірибе балаларға сикыр іспеттес ерекше әсер береді, қызығушылығын оятады. Сондықтан әр баланың өз бетімен тәжірибе жасай білу белсенділігін дамыту қажет. Жаңа жаңалықтар көру қоршаған орта туралы білуге құштарлықтарын тудырады. Жақсы жаңалықтармен танысқан сайын бала жылдам, толыққанды дами бастайды. Балалардың қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін оларға әрдайым ерік-жігер беру керек. Тәрбиешілер біріккен ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жаңа өзгерістер енгізу, жұмыс орнының ерекше болуы, тосын сәт, қол ұшын бере білуге баулу, баланың қызығушылығын, ын-тасын ояту сияқты жігерлендіру әрекеттерін қолдана алады. Зерттеу, тәжірибе жұмысында педагогтар қауіпсіздік ережелеріне аса мән беруі керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескерсек, олар өз істеріне толық жауап бере алмайды. Қауіпті аса сезіне бермейді. Жұмысқа беріліп кетіп қауіпсіздікті сақтау ережелерін естен шығарып алады. Сондықтан балалардың қауіпсіздігін сақтау то-



лығымен педагог міндетіне жатады. Сондай-ақ, педагог зерттеу тәжірибе жұмыстарында балалардың іс-әрекетінің еркіндігіне мән беруі тиіс. Біз балаларды еркінен тыс зерттеуге қатысуға міндеттемейміз. Өз еркімен ынтасы болғанда ғана араласуға мүмкіндік береміз. Зерттеу тәжірибе жұмыстарының уақытының ұзақтығын тәртіппен белгілемейміз. Балалар қызыға жұмыстанып жатқан кезде оларды алаңдатпаған жөн. Алдын ала жоспарланған жұмыстың ретімен жүруі де міндеттелмейді. Егер педагог бала жұмысына ризашылығын білдіріп мадақтаса, бала өз бетімен зерттеу әрекеттерін жасап, өздігінен ой қорытуды үйрене бастайды. Шығармашылықпен әрекет ететін балалар саны да көбейеді. Балалар үнемі өз ойын айтып, сөйлеп жүреді. Зерттеу тәжірибе барысында бір-бірімен сөйлесуге тыйым салу арқылы балаларды білімді толық меңгеруге және өзіне деген жауапкершілікке тәрбиелейміз. Алайда, шығармашылық пікірлесуді тәртіпсіздікпен шатастыруға тағы да болмайды.

Балаларға қателесуге де мүмкіндік беру қажет. Олардан үнемі дұрыс әрекет пен ой-пікірлерінің дәл келуі қажеттілігін күтпеу керек. Тәжірибелік-зерттеу барысында балалар «Қалай жасауға болады?» деген сұрақтар қоюды үйренеді. «Қане, осылай жасайық», «Егер осылай жасасак, қалай болады?» деген сауалдар арқылы бала салыстыра білуді үйреніп, ұқсастық қасиеттерді аңғара бастайды. Осы арқылы балаларда

білуге деген құштарлық, ынта, әуестену, бақылай білу және жағдаяттарды шеше білу қасиеттері дамиды.

Шеберлік сыныбы: «Үйректің саяхаты немесе құс ауласындағы өмір».

Мақсаты: Су, қағаз, топырақ, мұзбен зерттеу тәжірибе жұмысын, балалармен зерттеу тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін көрсету. Танымдық қызығушылықтарын дамытуға ынталандыру, өз жұмыстарының нәтижелерімен бөлісе білу іскерліктерін жетілдіру.

Қажетті құралдар: Түсті қағаздан жасалған үлкен жапырақты гүлдер, ыдысқа құйылған су, бір рет пайдалануға арналған стакандар, минералды газды сусын, жүзім, қақпағы тесілген шыны банка, ыстық су, мұз кесегі, жайпақ табаққа салынған құм, топырақты ылғалдауға арналған су, ермексаздан жасалған үйрек, ит, құс табандары.

Тәжірибенің маңыздылығы: Шеберлік сыныбы – зерттеу тәжірибе жұмысын жүргізіп жүрген педагогтардың қызығушылығын арттырады. Жас мамандар жұмысты ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Шеберлік сынып барысы: Жәй музыка ойналады.

Бір құстың ауласында жұмыртқа жарылып, үйрек балапандары пайда болады. Барлық балапандар тіл алғыш, аналарынан бір елі ажырамай бірге жүреді. Араларында бір балапан барлық жерге бас сұғады екен. Бір күні ол аула сыртында не барын білгісі



«Ауаны қалай табамыз?». Тәжірибеден көрініс



келіп, сыртқы әлемге жол тартады. Сыртқа шыққан соң ол кішкене көлшіктегі әртүсті гүлдердің жүзіп жүргенін көреді. Күн шыққанда ол гүлдің күлтелерінің ашыла бастағанын байқайды.

1-тәжірибе: Түрлі-түсті қағаздардан ұзын күлтелі гүлді қиып алу. Қарындаштың көмегімен гүл күлтелерін шиыршықтау. Оларды ыдыстағы суға салу. Гүл күлтелерінің ашыла бастағанын байқау.

Түйін: Байқағанымыздай гүл күлтелері ашылды. Қағаз су болғандықтан ол ауырлайды. Сол себепті күлтелер ашыла бастайды. Сонан соң балапан кішкене нәрсенің су бетінде пайда болып, қайтадан жоқ болып кеткенін де байқайды. Құрметті әріптестер, оның не екенін сіз бен біз білеміз. Бұл әрине – күнге қыздырынып ойнақтап жүрген балық болатын.

2-тәжірибе: Газ сусыны құйылған стаканды алып жүзім түйірін саламыз. Жүзім судан ауырлау, сол себепті су түбіне түседі. Біраздан соң газ түйірлері көбейіп су түбіне отыра бастайды. Сол кезде жүзім қайтадан су бетіне қалықтап көтеріледі. Біраздан соң газ түйіршіктері азая бастайды. Жүзім қайтадан су түбіне батады. Осылай әбден газ түйіршіктері толық біткенше осы процесс қайталана береді.

3-тәжірибе: Бір литрлі шыны ыдысқа ыстық суды құйып беті тесілген қақпақпен жауып, қақпақ үстіне мұз кесегін қойыңыздар. Мұз байқадыңыздар? Мұз еріп тесіктен су бетіне тамшылар тамып, жаңбырдың

тырсылың еске түсіреді. Үйрек балапаны жаңбырдан қорқып өсімдіктер арасына тығылып қалады. Біраз уақыт өткеннен кейін жаңбыр басылып, тағы да күн шығады. Үйрек әрі қарай жүре береді. Сол кезде ол топырақ бетінен өз іздерін байқайды. Аңдап қарап, өз ізінен бөлек бірнеше іздерді де көреді. Ол таңқалып: «Бұл нелердің ізі екен?» - деп, өз сұрақтарына жауап іздейді.

4-тәжірибе: Топырақ су болғанда із пайда болады. Ағаш бұтақшаларын немесе ермексазды пайдаланып әртүрлі жануарлардың, алдымен үйректің, сонан соң иттің, құстың іздерін салыңыздар.

Түйін: Білғал топырақ судырамайды, керісінше оны кез-келген көлемге келтіруге болады. Үйрек балапанына аула сыртына жасаған саяхаты ұнағаны соншалық, үлкен әлемді тану ол үшін қызықты болды. Бірақ үйрек балапаны үшін көкейінде шешілмеген көп сұрақтар қалды. Не себепті гүл күлтелері ашылды? Неге балықтар жүзе алады? Неге жаңбыр жауады? Не себептен топырақта із қалды? Ал, біз әріптестер, бұл тәжірибелерді жүргізе отырып сұрақтардың жауабын біліп отырмыз. Сіздерге осындай тәжірибелерді балалармен бірлесіп өткізуді ұсынамын. Бұл балалар үшін өте қызықты болатынына сенімім мол.

*Атырау облысы
Жылыой ауданы*

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ»



ШАНАЕВА Жанат Нурбайқызы,
Атырау қаласындағы
№12 «Үміт» бөбекжай-
бақшасы» КМҚК-ның
I-ші санатты әдіскері

Кез-келген елдің бірлігі мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтағанда ғана мығым болмақ. Сондықтан баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, туымызды желбіретіп, ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз

болып табылады. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» — деп, асқақ арманмен бабаларымыз бізге зор үміт артқан. Біз ата-баба үмітін үкілей отырып, бүгінгі күн талабына сай болашақ ұрпақты халық қазынасымен сусындату арқылы олардың дүниетанымын қалыптастыруымыз қажет. Жеке тұлғаның дамуының



алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде қаланатындықтан дүниетанымның негізі де осы жаста қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі міндеттерінің бірі — балаларды мәдениеттің жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарымен кеңінен таныстыру. Білім беру жұмысының принциптерінің бірі-тәрбиелеудегі ұлттық және жалпы адамзаттық тығыз қарым-қатынас принципі. Бұл ұлттық педагогикаға, ұлттық дәстүрлерге, фольклорға ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениетке бет бұруға әкеледі. Балалармен жүргізілетін жұмыстың ең тиімді формаларын, әдістер мен құралдарды таңдағанда, ең алдымен ауызша халық шығармашылығының құралдарын қосып, өз елінің, өз халқының өмірімен, туған жерімен таныстырудан бастау керек. Сондай-ақ, балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтармен таныстыру барысында қазіргі білім беру технологияларын кеңінен қолданған тиімді.

Денсаулық сақтау технологиясы — жұмыста халықтық ашық ойындарды қолдану. Мұндай ойындар саналы тәртіпке, ерік-жігерге, қиындықтарды жеңуде табандылыққа тәрбиелейді. Адал және шыншыл болуға үйретеді.

Жобалық іс-әрекет технологиясы — оның мәні бала мұғаліммен бірге жүзеге асыратын проблемалық әрекетті құру болып табылады. Баланың жобамен жұмыс жасау барысында алған білімі қоршаған әлем туралы бұрыннан бар білім жүйесіне мықтап енеді. Жобалардың тақырыптары әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы: «Ата-бабаларымыз қонақтарды қалай қарсы алды?», «Балалар фольклоры» т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Бұл технология біздің ғасырымызда өзінің табиғи дамуына ие болды. Компьютер дәстүрлі сабаққа қарағанда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие. Экрандағы анимациялық суреттер баланы қызықтырады. Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен балабақша жағдайында қайта құру мүмкін болмайтын түрлі өмірлік жағдайларды модельдеу мүмкін болады. Сабақ-презентация — бұл жобалау немесе зерттеу қызметінің нәтижелерін ұсыну.

Түзету технологиялары. Мақсаты — мектеп жасына дейінгі балалардың психоэмоционалды күйзелісін жою. Түрлері: музыкалық әсер ету технологиясы (музыкалық терапия); арт-терапия; логопедика; ертегі терапия.

Даму технологиялары — балаларға жұмыс істеуге дайын өнім ұсынылған кезде, шаблон — бала өз әрекеттерін талдау нәтижесінде мәселені өз бетінше шешуге кірісуі керек. Мұнда тек бейнелеу өнерінде ғана емес, сонымен қатар басқа да әрекеттерде Триз технологиясы кіреді. Триздің мақсаты-балалардың қиялын дамыту ғана емес, сонымен қатар болып жатқан процестерді түсініп, жүйелі ойлауға үйрету.

Яғни, икемділік, ұтқырлық, жүйелілік сияқты ойлау қасиеттерін дамыту, сонымен бірге іздеу белсенділігіне, жаңалыққа ұмтылуға, сөйлеу мен шығармашылық қиялдың дамуына назар аудару.

Танымдық-зерттеу қызметі: Негізгі мақсат — баланың белсенді қатысушысы болып табылатын эксперименттік қызметті құру. Бұл технологияларды ұйымдастырған кезде оқушыларға зерттеу немесе эксперимент жүргізу арқылы шешуге болатын проблемалық тапсырма ұсынылады.

Тұлғаға бағытталған технологиялар — балаға ыңғайлы, қауіпсіз даму жағдайларын қамтамасыз ететін технологиялар. Мақсаты — бала мен тәрбиеші арасында демократиялық гуманистік серіктестік қатынастар құру, сонымен қатар оқушылардың жеке басының дамуына жағдай жасау.

Ойын технологиясы — бұл барлық мектепке дейінгі білімнің негізі. Баланың жеке басы бірінші орынға шығады, балалық шақ ойынға арналуы керек.

Педагогтың портфолиоcы. Ол педагогтың шығармашылық ойлау, білім берудің заманауи технологияларын, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін, белгілі бір практикалық іс-әрекет жағдайында педагогикалық процесті өздігінен құру тәсілдерін, оның түпкі нәтижесін болжай білуге бағытталған барлық ізденісін, қызықты сәттерін көрсететін жетістіктер жиынтығы болуы керек.


Мектеп жасына дейінгі баланың портфолиоcы. Ең алдымен, баланың өзін ашудағы алғашқы қадамы: өз сезімдері, тәжірибелері, жеңістері, көңілі, ашылуы. Бұл баланың әртүрлі іс-әрекеттегі жеке жетістіктерін, жағымды эмоциялар, өмірінің қызықты сәттерін сезіну мүмкіндігі.

Мұражай тәрбиесі технологиясы. «Музей педагогикасы — музейлердің тарихын, мәдени білім беру қызметінің ерекшеліктерін, онда келушілердің түрлі санаттарына әсер ету әдістерін, білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылын зерттейтін ғылым саласы». Ол білім беру алдына жаңа міндеттер қояды: Мұражай педагогикасына тарту арқылы білім беру саласын кеңейту, шығармашылық тұлғаның дамуын үйлестіру, ұлттық идеологияны қалыптастыру, дәстүрлерді сақтау, бастапқы рухани құндылықтарға оралу, өз Отанының азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеу. Жаңа мұражай аудиториясын құру, мұражайдың ықпал ету кеңістігін кеңейту.

Жалпы балабақша тәрбиешілерінің педагогикалық күш-жігері Отанды, халқымызды, туған туысты құрметтейтін шығармашыл және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Алдымызда осы құндылықты бойына сіңірген, Отан сүйгіш, елі мен жерінің қамы үшін аянбайтын, білімді иманды, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу, оларға бағыт беру міндеті тұрғанын әрдайым жадымыздан шығармауымыз керек.



«АТА-АНАЛАР БАЛАНЫҢ ЖАС ШАМАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДАМУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН БІЛУІ ТИІС»



ХАЙДАРОВА Маргарита
Алибиқызы,
 «№12 «Үміт» бөбекжай-
 бақшасы» КМҚК-ның
 тәрбиешісі, педагог-
 модератор

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Сәби тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни, бала тәрбиелене отырып білім алады. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы, білімді, деңгейі жоғары білікті болуы тиіс. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жасөспірімдер бойында сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі білім беру үрдісінде әртүрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен, табиғатпен таныстыру, тіл дамыту, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

Ата-аналардың балалармен қарым-қатынасында туындайтын қиындықтар олардың даму ерекшеліктерін ескермеуінен орын алады. Балалар тек өз мүмкіндігінше игерген қимыл іс-әрекетіне байланысты өз-өзіне қызмет көрсетеді. Сондықтан ата-ана балалардың жас шамасына байланысты даму деңгейлерін білуі керек. Ерте балалық шақ кезеңі екі этапқа бөлінеді: туғаннан 1 жасқа дейін және 1 жастан 3 жасқа дейін. Сәби шақтың алғашқы жылында сезім органдары тез дамып, қарым-қатынас ерекшелігі байқалады, 1 айдан бастап сәби өзінің айналасындағы адамдарды тани бастайды. Есту, көру арқылы үлкен адамдарға өзінің «күлу», «қимыл жасауы» арқылы реакция береді. Мұндай реакциялар баланың 3 айында пайда болады. Қолдарының көмегімен айналасындағы заттарды ұстай бастайды. 6 айлық

даму деңгейінде, ол заттарды қолына ұстап, оған көңіл бөліп оны тістеу, лақтыру арқылы зерттей бастайды. Сонымен қатар етбетінен өз бетінше жата алады, отырады, сүйемелдеу арқылы аяғын тік басып тұрып, жүре бастайды. Ол айналасындағы қоршаған заттарды танып, біліп, қасындағы адамнан қарым-қатынасын түсінеді. Жыл аяғында, 1 жасқа толған кезде заттарды өз еркімен қолданып, үлкен адамдармен тепе-тең қарым-қатынасқа түседі. Заттардың қасиетін түсіне бастайды, бір немесе бірнеше сөз тіркестерін пайдаланады. 1 жастан 3 жасқа дейінгі уақыт аралығында жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру сияқты қимылдарды игереді. Үлкен адамдарға еліктей отыра өзінің қимыл-қозғалысын жүйелейді. Сондықтан оның даму деңгейіне көңіл бөліп, бағыт берген жөн. «Біз допты домалатамыз, допты алдыңа ұста, енді оны бар күшіңмен итер, менің допты қалай итергеніме қара». Бала затты зерттей отырып онымен қалай ойнап кеткенін өзі де байқамай қалады. Ол бірінші ыдыстарды ашып, жауып үйренеді. Сонан соң оны басқа заттармен салыстырады. Оның ішіне заттар салу арқылы пайдалануға болатынын түсінеді. Ерте сәбилік шақ соңында ол өзін жеке субъекті ретінде қабылдап, өзін жеке тұлға ретінде көрсетеді. 3 жастан бастап мектеп жасына дейінгі жас, яғни, 3 жас кезеңінің тоқырауы басталады. Ерте сәбилік шаққа қарағанда баланың әлеуметтік орны өзгереді, енді оның жасына сай кейбір қарапайым өздігінен атқаратын міндеттер пайда болып, үлкендерге тәуелділігі азаяды. Бала дамуының ерекшеліктері іс-әрекет түрлерінен, әсіресе сюжетті-рөлдік ойындардан көрінеді. Бала өзімен қатар басқа балалармен қарым-қатынас жасай бастайды. Бұл кездегі баланың жетекші іс-әрекеті — ойын. Ойын арқылы балада сапалы психологиялық өзгерістер пайда болады. Онда үйрену әрекетінің негізі қаланады және бір-бірімен қарым-қатынасы дамиды. Ойын үстінде баланың өзін ұстай білуі, басқаларға өзін таныта білу қажеттілігі туындайды. Ойын кезінде баланың кейбір заттарды



басқа нәрсемен ауыстыра алатынын көруге болады. (Зат, жануар т.б.). Ойын бұл кезде символикалық (таңбалық) түрде өтеді. Баланың символды қолдануы — психикасының дамуының елеулі сәті. Бір жағынан қиял көрінісі болса, екінші жағынан әлеуметтік таңбаларды игеруді қамтамасыз етеді.

4-5 жас шамасында көру, есту, тері — қимыл сезгіштігі едәуір жоғарылайды. Түстерді ажыратып, фонематикалық және жоғары дыбыстарды естуі дамиды. 4-7 жас аралығында көрнекі-бейнелі ойлау пайда болады. Міндетті түрде әрекет жасамай қабылдауы мен елестетуі негізінде бейнелі түрде ойлай алады. Ойын барысында баланың ырықты зейіні мен ырықты есі дамиды, оның өзі тілдің дамуына (ойын барысында өз тілегін түсіндіре білуі) септігін тигізеді. Ойынмен қатар бала психологиясының дамуында іс-әрекеттің тағы бір түрі — жемісті, өнімді еңбек ету іс-әрекеті атқарылады. Оған сурет салу, аппликация, мүсіндеу, конструкциялау жатады. Бала салған сурет схема түрінде болғанымен, одан баланың қабылдауы мен ойлауына тән белгілер көрінеді. Оқу міндеті — қандайда бір жаңалықты үйренуге деген ниет пайда болғанда ғана қалыптасады. Балалар үлкендер нұсқауын зейін қоя тындап, орындайды, өзін-өзі бақылауы пайда болады. Оқу әрекеті бала психикасына, оның қабылдау, зейін, ес, ойлау үрдістерінің ырықтылығы мен басқарылуына талаптар қойып, тиісті психологиялық қасиеттердің қалыптасуына әкеледі. Бала психологиясының да-

муына сенсорлық қабілеттер мен таным процестерінің қалыптасуы әсер етеді.

Ойлау формалары: ұғым, пікір, ой қорытындысы. Ерте сәби шақта іс-әрекет кезінде сөйлеу орын алса, ал енді алдын ала сөйлеуі қалыптасады. Алдымен бала іс-әрекетін сөйлеу арқылы жоспарлай алады, кейін істелетін жұмысты тек ауызша айта алады. Мұның өзі баланың логикалы (жүйелі) ойлауына әкеледі.

Бала қабылдауының ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. Сенсорлық эталондар бала қабылдауын тәртіпке келтіріп, қабылдауға жеңілдік туғызады. Мектеп жасына дейінгілер уақытты және кеңістікті қабылдауда көп қиналады. «Оң қол», «сол қол» дегенді шатастырады, фигуралардың суретін салуда көлем, бұрыш, енінің өзара кеңістіктегі ара қатынасын ажырату қиынға түседі.

Зейін тұрақтылығы. Бөбектерде 30-40 мин, 6-7 жаста 1-1,5 сағат. Арнайы есте қалдыру аз, тек нақты бейнелерді суретке түсіргендей есте сақтайды.

Қиял. Ойын негізінде ертегіге қызығушылық қабілетін қалыптастыру.

Жеке басының қалыптасуы. «Мен» ұғымы қалыптасады. Балалармен қарым-қатынасы дамиды. Егер үлкендермен қатынасы жақсы болса тілін алады.

Өз елінің дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару — қоғам, ұстаздар мен ата-аналар қауымының бүгінгі таңдағы ең басты жауапты міндеті.

«БӨБЕКЖАЙ ТЫНЫСЫ – БАЛАЛАР ӨМІРІ»



**ҚОБЛАНОВА АЛИМА
Реджепқызы,**
Ақтау қаласындағы
«№46 «Балбұлақ» бөбекжай»
МКҚК-ның әдіскері

«Адам өмірге дана болып емес, бала болып келеді» деген екен Бенедикт Спиноза. Оның пікірінше балалықтан даналыққа барар жолдың үш түрі бар:

Ойлану — ізгі жол; Еліктеу — жеңіл жол; Тәжірибе — ауыр жол.

Ал енді құрметті оқырман қауым біздің таңдап жүріп келе жатқан «Тәжірибе жолымыз» ауыр болса да, даналыққа бастар жол болғандығы. Мектепке

дейінгі оқыту мен тәрбие беру қызық тәжірибелерден тұрады анық.

Білім берудің негізгі бағыттарының бірі — тәрбие жұмысы. Педагог мәртебесін көтеру, «Ұстаздарға көрсетілер құрмет қандай болса, қойылар талап та сондай», - дегендей, бүгінгі заман талабы білімді, білікті, өздігінен тығырықтан шығар жол таба білетін, жалпы бәсекеге қабілетті білімге ие болатын өскелең



ұрпақ тәрбиелеуді қажет етіп отырғандықтан, біздің мақсат – өз тәжірибемізге өзгеріс енгізу. Біз бұл мақсатқа тынбай ізденісте болуды қажет ететін өз жұмысымыз жайлы ойлану, мониторинг жасау, саралау, зерртеу, кәсіби біліктілігімізді арттыру міндеттерімен жете аламыз. Кез-келген заманауи мектепке дейінгі ұйым ретінде өзінің ішкі тәртібі, жоспары, бағыты мен міндеттері болары анық. Бөбекжайымызда міне осындай міндеттеріміздің бірі «Мектепке дейінгі мекемелердің жұмыс барысында инновациялық технологияларды қолдану» болып табылады. Міндеттерді орындау барысында жыл бойы бөбекжай-ішілік түрлі тақырыпта іс-шаралар жоспарланып, өткізіліп тұрады. Сондай шаралардың бірі Ақтау қаласының 60 жылдығына орай «Қарт Каспийдің жағасындағы қала!» атты мәнерлеп оқу сайысы өтті. Байқауға бөбекжай тәрбиеленушілері қатысып, әртүрлі номинацияларға ие болды.

Бүлдіршіндерді дайындаған қазақ тілі маманына және бөбекжайымыздың бір топ тәрбиешілеріне үлкен алғыс айтамыз. Балалардың дайындығы, әдемі, жарасымды киімдерін тәрбиешілер тарапынан ата-аналармен тығыз қарым-қатынастағы жұмыстың нәтижесі деп білемін. Бөбекжайішілік топтар арасында Ақтау қаласының туған күніне орай «Сүйікті қалам – Ақтау!» атты сурет байқауы өтті. Бұл байқауға

ортанғы, ересек және мектепалды даярлық топтары қатысты. Сурет байқауының негізгі мақсаты: балалардың туған жер тарихына деген қызығушылығын арттыру, балаларды өнерге баулу. Туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту. Сонымен қатар бөбекжайымызда «Ақтауға – 60 жыл!» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, балалар еліміздің көрікті жерлерімен және сұлу жас қала Ақтауымыздың макеттерімен танысты.

Баланы жан-жақты дамыту, елін, жерін құрметтейтін тұлға ретінде ұлттық рухта тәрбиелеу – бұл тек тәрбиешінің ғана емес, ата-ананың да міндеті. Баланың өз халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін біліп өсуі үшін, атадан-балаға мұра болып келе жатқан ғасырлар бойы жинақталған тәрбиенің алар орны ерекеше. Отбасымен бөбекжай арасындағы сабақтастық, тығыз қарым-қатынас мықты болғаны дұрыс-ақ. Қандай да бір шараны ұйымдастыру және ата-анамен жұмысты жақсы деңгейде жүргізе білу ол педагогтың шеберлігіне байланысты. Демек, мектепке дейінгі ұйым жұмысында кез-келген іс-шараға қатысушы жауапты тұлғалардың өз жұмыстарын алдын-ала жоспарлап, реттілікпен, сабақтастықпен, үздіксіз атқаратын әрекеттерінің жиынтығын жасап отырса, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс нәтижесі жақсы көрсеткіштерге ие болары сөзсіз.





«БАЛАБАҚШАНЫҢ ОТБАСЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ФОРМАЛАРЫ»



ДҮЙСЕНОВА Ләйла
Түлегенқызы,
Атырау қаласындағы КМҚК
№8 «Ақбота» санаторлық
бөбекжай-бақшасының
II-біліктілік санатты басшысы

Кез-келген ата-ана баласының әдепті, білімді болып өсуін қалайды.

Бүгінгі күні жасыратыны жоқ, кейбір ата-аналар көбіне өзінің экономикалық жағдайын шешуге алаңдайды да, баланы тәрбиелеу және оның тұлғалық даму мәселелерін кейінге шегеріп қояды. Отбасы мен балабақша арасындағы түсініспеушілік баланың эмоционалдық жағдайына ауыр тиеді. Көптеген ата-аналар баланың тамақтануына ғана қызығушылық танытады. Олар балабақшаны тек ата-анасы жұмыста болған кезде ғана қарайтын орын деп санайды. Осындай жағдайдан кейін балабақша қызметкерлері ата-аналармен қарым-қатынас жасауда үлкен қиындықтарға тап болады. Бұл жағдайды қалай өзгертуге болады? Ата-аналарды балаға бірлесіп тәрбие, білім беру жұмысына қалай қызықтыруға болады? — деген сұрақтар туындайды. Сондықтан, заманауи, санаторлы мектепке дейінгі білім беру ұйымында ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру барысында балабақша мен отбасының өзара әрекеттесу мәселесін жылдық жоспарымызға енгізіп, педагогикалық ұжыммен ұзақ жылдардан бері еңбектеніп келеміз. Ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту жұмыстарын төрт бағыт бойынша жүргіземіз.

Ақпараттық және аналитикалық форма. Бұл форма тәрбиешінің отбасын зерттеуі мен ата-ананың тәрбие беру барысындағы қажеттіліктерін анықтау үшін қолданылады. Осындай деректерді ала отырып, тәрбиеші әрбір ата-анамен қарым-қатынас тактикасын жасайды. Ата-аналардың сұранысын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізіледі. Балалар, ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланысты нығайту жолдары қарастырылады.

Көрнекі-ақпараттық. Мұнда ата-аналардың білімін толықтыруға және ақпараттық білім беруге бағытталған жұмыстар назарға алынады.

Ақпараттық-таныстыру. Бұл бағыт бойынша оқу жылы барысында жаңадан келген ата-аналар мектепке дейінгі ұйыммен және тәрбиеші педагогтардың жұмыстарымен танысады.

Ақпараттық-білім беру. Ата-аналардың балаларды дамыту мен тәрбиелеу барысындағы білімдерін байытуға бағытталған.

Барлық топтарда жылжымалы папкалар тақырыптық принцип бойынша құрылады. Ақпараттық стендтер — ата-аналарды баланы тәрбиелеудің міндеттерімен, шарттарымен және әдістерімен таныстырады. Ата-аналар жиналысында тәрбиеші оқу-тәрбие процесінің міндеттерімен, мазмұнымен және мақсаттарымен бөліседі. Бала тәрбиесінің мәселелері талқыланады.

Ата-аналар конференциясы — ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру бағытында өтеді. Онда тәрбиешілер, медициналық қызмет өкілдері, психологтар, мамандар өз қызметінің қортындысын баяндайды. Бос уақытты бейресми өткізу, сенімді қарым-қатынастар орнату мақсатында тәрбиешілер мен ата-аналар, ата-аналар мен балалар арасында байланыс орнап, ата-аналар ашық қарым-қатынасқа шығады. Бұған мерекелер, ертеңгіліктер, бірлескен демалыстар кіреді. Ата-аналар байқауларға, көрмелерге белсене қатысады. Мұнда ата-аналар мен балалардың бірлескен еңбек әрекеті көрсетіледі.

Тәрбиешінің отбасына баруы — баланың тұрмыс жағдайымен жақын танысу мақсатында жүргізіледі. Негізгі міндет — балабақша мен отбасы арасында сенімді байланыс орнату. Ал балабақша мен отбасының өзара әрекеттесуінің дәстүрлі емес түрлерін қолдану ата-аналармен жұмыстың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Өйткені, олар мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагогикалық мәселелерді шешуде әрқашан көмектесетініне сенімді. Кейіннен біз сапалық көрсеткіштерге назар аудардық: бастамашылық, жауапкершілік, ата-аналардың, балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекетінің нәтижесін талдау барысында ата-аналардың үш тобын ажыратуға мүмкіндік туды.

Көшбасшы ата-аналар. Оқу-тәрбие процесіне қатысуға қабілетті және оған дайын, балабақшаның жұмысын бағалай білетін ата-аналар.



Ата-аналар – мәнді мотивациямен қатысатын орындаушылар.

Сыни бақылаушы ата-аналар. Олар тәрбие мен білім беру жұмысына араласпай, сырттай бақылап отыратындар.

Уақыт өте келе, ата-аналардың білім беру процесінің қатысушылары ретінде өзгеруі, отбасы түрлері туралы жаңа түсінік пайда болды: өз балаларының жетістігіне қызығушылық танытатын педагогикалық процеске белсенді қатысушылар; мүдделі, бірақ мамандардың көмегімен мәселелерді шешуге дайын ата-аналар; немқұрайлы, «біздер де солай тәрбиеленгенбіз» деген қағидамен өмір сүретін ата-аналар. Бірлескен іс-шаралар барысында ата-аналарға сараланған көзқараспен қарауға мүмкіндік алдық.

Танымдық бағыт. Бұл бағыт бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымы мамандарының (хореограф, педагог психолог, бейнелеу өнерінің маманы, дене шынықтыру нұсқаушысы, аға мейірбике) ата-аналармен ынтымақтастығы білім беру бағдарламасын

іске асыру үшін балалық шақтың барлық кезеңдерінде отбасына педагогикалық қолдау көрсетіп, ата-аналарды оқу-тәрбие процесінің белсенді қатысушыларына айналдырды.

Осыдан кейін мынадай тұжырымдама жасалды. Ата-аналармен қарым-қатынас жасаудың қолайлы климатына жағдай жасау. Олармен сенімді және серіктестік қарым-қатынас орнатып, біртұтас тәрбие кеңістігіне тарту.

Бүгінде ата-аналармен жұмыс жасауда белгілі бір жүйені қалыптастырдық деп айта аламыз. Жұмыстың әртүрлі формаларын қолдануымыз айтарлықтай нәтиже берді. Ата-аналар «көрермендерден» және «бақылаушылардан» жиналыстардың белсенді қатысушыларына ауысты, өзара сыйластық атмосферасы орнады. Бүгінгі күні біздің педагогикалық ұжым ата-аналармен ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздеуді жалғастыруда. Өйткені, біздің мақсатымыз бір – болашақ ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру.

«БАЛАБАҚШАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ – ДАМУ ТҰЖЫМЫ»



АЙТКУЖИНА Дина
Камиқызы,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының педагог-
психологы

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Балабақшаның психологы әр баланың үйлесімді дамуы үшін оңтайлы, психологиялық тұрғыда қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған тәрбиешілер мен ата-аналардың қызметін үйлестіруші ретінде әрекет етеді. Сондықтан да баланы балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-аналар педагог-психологпен танысып, қарым-қатынас жасауы керек. Мұндай қарым-қатынас психологтың диагностикалық, профилактикалық және түзету жұмысының тиімділігін арттырады: баланың өсіп-жетілуімен танысып, оның жеке қасиеттерінің сипатын неғұрлым нақты түсінуге қабілетті болады. Психологиялық түзету-дамыту жұмыстарының мақ-

сатына тоқталсақ, тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларын болдырмау, баланың жалпы оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту. Сондықтан психологиялық түзету-дамыту жұмыстары әрбір зерттелушінің зерделенген іс-әрекетінің қорытындысына орай жүргізіледі. Әр баланың қажеттілігіне ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қарай келесі тақырыптар таңдалады: тұйық балалар, қозғыштығы басым балалар, агрессивті балалар, мазасыз балалар.

Өз қызметімде бала назарын таза мәселеге аударамын. Баланың психикалық процесінің дамуын жетілдіре отырып, балаға мінез-құлқын басқаруға және бала дамуының жеткіліксіз жағын түзетуде көмек көрсетемін. Сондай-ақ, тәрбиеші мамандармен бірлесе отырып баланың жан-жақты жеке бас дамуына өз үлесімді қосамын. Болашақта оның мектептегі



табысты оқуға дайындығына бірлесе көмек көрсетеміз. Бала жүйкесіне оның қоршаған ортасы көп әсер ететіні белгілі. Балалардың іс-әрекетін мақсатты бақылау нәтижесінде топтағы қозғыштығы басым, агрессивті, мазасыз, шеттетілген баланың күйі дер кезінде көзге түседі. Соның ішінде шеттетілген баланың өзін-өзі жағымсыз қабылдауы, сұхбат барысында дауысының сенімсіз болуы, қандай да бір бастаған ісін аяқтамай қалдыратындығы мамандарды қынжылтады. Балабақшаға келген баланың ерекше қалыптасуы топтағы эмоциялық-психологиялық ахуал жағымды болғанда ғана толыққанды дамиды. Кейбір бала топ ішінде құрдастарының ортасында елеусіз болады. Ол баланың қарым-қатынас шеңбері тар, ойынның тұрақты қатысушысы бола алмайды, өзінің жеке қасиетін төмен бағалайды, өзге құрдастарымен байланысы ұзақ болмайды. Балалардан шет қалуға тырысады. Бұл меланхолик типіндегі балалар қозғалыста, іс-әрекетте баяу. Мұндай балалар көбіне тұйық келеді, ұжыммен және ересектермен, әсіресе таныс емес, жаңа адамдармен қарым-қатынас жасауы қиын. Олар қоғамдық жұмыстарға қатыспайды, өзімен-өзі болғанды ұнатады. Сондықтан да белгілі қолдайлы жағдайларда, дұрыс ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысында меланхоликтерге ерекше назар аударған жөн. Егер тәрбиешілер тарапынан ерекше көңіл бөлініп, жағдай жасалса, олардың бойындағы құнды қасиеттерді дамытуға болады және өзіне сенуге, батылдыққа тәрбиелеу маңызды. Бала бойында ойын дағдысының дамымауы, әріптестіктің жағымды тәсілін игермеуі, тым жайбарақат болуы, қозғалыста мазасыздануын зерделей келе келесі коррекциялық түзету жұмысын жоспарлаймыз. Психокоррекция бағыты мұндай баланы құрдастарымен, отбасы тәрбиесінің қалыптасуымен, ортақ іс-әрекетке жұмылдырады. Коррекциялық жұмыс барысында баланың зейінін сюжетті рөлді ойынға, оның әрекет мазмұнына, қасындағы құрдастарының өмірге құштарлығына, басқа балалардың көңіл-күйінің көтеріңкі бо-

луына аударамыз. Психологиялық әсер етудің басқа бағыты – балаға ойын мағынасын түсіндіру, ойын әрекетін орындауды меңгерту. Балаға құрдасымен ойын үстінде, өз пікірін айта білуге, ортақ жоспарлауға, ойын әрекетінің бірізділігін анықтауды меңгертеміз. Қимыл әрекеті баяу дамыған баланың шапшаң мазмұнды ойынға қызығушылығын оятқан маңызды, оның ойын операциясын ең жоғарғы деңгейде жетілдіріп, сәйкесінше әрекетін мадақтап отырған дұрыс деп санаймын. Қимыл белсенділігі жоғары холерик темпераментті балалар тез пайда болатын күшті және тұрақты эмоциялық қозуымен ерекшеленеді. Олардың сезімі бет-пішінінен, дене қимылынан, сөйлеген сөзінен анық байқалады. Олар күйіп-пісу, тез қозғалғыштық, әруақытта да іс-әрекетке бейім келеді. Оларда психикалық үрдістер тез, жылдам жүріп жатады. Іс-әрекетке жылдам, қызыға, құлшына кіріседі.

Бұл типтегі балалар өте белсенді. Олар жігерлі, қызу қанды, кейде артық кетіп қалады, кейде ашуға, сезімге тез бой алдырады. Тәрбиеші бұл типті балаға мазасыздығын басқара алуға мүмкіндік беретін жағдай туғызғаны жөн. Белсенді баланың қозғалысын жасанды шектеу оның тек ашу мен қозуын күшейтеді. Мұндай баламен жұмыста нені ескерген жөн? Баланы ұстамсыздықтан аулақтатып, тыныш ұзақ жұмыс жасауға үйрету күнделікті іс болу керек. Оның мінез-құлығындағы бұйрық өзімшілдік көзқарастың басым болуын, оның ұмтылысы ойнау үшін емес, алғашқы ұту деген секілді жекелік мақсат болады. Психокоррекциялық түзету жұмысы жекелік маңыздылық пен іс-әрекеттің және құнды мотиві арасында үйлесімділікті орнатудан басталады. Бұл үшін баланы мақсатқа сай түрлі әлеуметтік іс-әрекетке жұмылдырамыз. Әрбір бала жеке тұлға, оның бойында ешқандай теріс мінез жоқ. Мұндай мінездер жүре пайда болады. Барлық уақытта балаға балабақша, отбасы болып, қоғам болып дұрыс тәрбие, өнеге көрсетсек, жаман мінез, тұйық бала, агрессивті бала, мазасыз қиын бала деген терминдер болмас еді.





«БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН!»



СЕЙТАЛИЕВА Г.А.,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Ересектерге құрмет көрсетіп, жасы кішілерге жанашыр болуға, еңбектің нәтижесіне құрметтеуге тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Мультфильм көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын жеткізе білуге үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау арқылы, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдана отырып, диалог құруға дағдыландыру. Дөңгелек пішіндерді бейнелеу барысында, қарындашты дұрыс ұстауға, қауіпсіздік шараларын сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы молайту. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.

Шаттық шеңбері:

– Балалар, біз қандай ұлтпыз? (Қазақ).
– Біз қай тілде сөйлесеміз? (Қазақ тілінде).
– Қазақ халқының өзінің ана тілі, салт-дәстүрі, ұлттық киімдері бар. Сол сияқты біздің елімізде өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да көптеген ұлт өкілдері тұрады. Қане, бәріміз экранға қарайық. (Сурет арқылы әр ұлттың өзіндік ерекшелігімен, ұлттық киімдерімен таныстыру).

«Достық» мультфильмі.

Мақсаты: Мультфильмдер, ертегілерді көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айта білуге дағдыландыру.

Тақпақтар:

1-бала:

Дос болайық бәріміз,
Жарасып тұр әніміз.
Тыныштықты сақтаймыз,
Атсын күліп таңымыз.

2-бала:

Бейбітшілік ұраны,
Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны,
Еркіндігі халқымның.

3-бала:

Сары, ақпыз, қарамыз,
Бәріміз де баламыз.
Бір Отанда тұрамыз,
Бір мектепке барамыз.

4-бала:

Әрқашан дос біргеміз,
Ажырамас іргеміз.
Ілгері жүріндер,
Достық жырын біліндер!

5-бала:

Қанатымыз талмасын,
Биіктерге самғасын.
Туған жерге ақындар,
Жаксы өлеңін арнасын.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін».

Мақсаты: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) – ля (си) диапазонында, бір қарқында әнді таза, сөздерді анық айтуға баулу.

Суретті бояу: «Түрлі-түсті әдемі шарлар».

Ойын: «Жалау».

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.

Қимылды ойын: «Асық жинау».

Мақсаты: Балаларды қимылды ойындарға баулу. Ойында қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.

Қорытынды.



«ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНДЕ»



КАНАТОВА Б.Ж.,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының педагог-
модераторы

Мақсаты: Балалардың шығармашылығын, зерттеу іс-әрекетін, сөйлеуді, коммуникативтік дағдыларын дамыту. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, өздерінің құрастырған бұйымдарымен бірге ойнату. Ертегіден алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ертегілерді сахналауға ынталандырып, қызығушылығын ояту. Ересектермен бірге ойындарға қатысуға ықпал ету, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.

Технологиялық қамтамасыз ету: Баланың санына сәйкес сары түсті қағаздар, ертегілер туралы таңғажайып көрме, бейнеролик, құрастырмалы үйшік, ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары. (Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю, бөрене, тактайша, ағаштар).

Шаттық шеңбері.

Балалар жарты шеңберге тұрып, өлең жолдарын қимыл-қозғалыспен айтады. Сонан соң экраннан ертегіні тамашалайды.

– Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? (Ұнады).
– Олай болса, ертегі ертегілер туралы таңғажайып көрмеге шақырамын.

Дидактикалық ойын: «Қай ертегіні қаладың?».

Шарты: Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды. (Бізге «Сәулетті үйшік» ертегісі ұнады).

– Олай болса, балалар «Сәулетті үйшік» ертегісін тамашалайық. Осы ертегідегі үйшікті құрастырып көрейік.

Дидактикалық ойын: «Аңдарға үйшік».

Ойынның шарты бойынша балалар екі топқа бөлініп, өздері көрген ертегідегі әдемі үйшікті құрастырады. Өз жұмыстары жайлы әңгімелейді. (Мынау аңдардың үйшігі. Ол өте әдемі, орман жануарлары тату өмір сүреді).

Сергіту сәті: «Қояндар».

– Балалар, 1-2-3, көзімізді жұмайықшы. 1-2-3, көзімізді ашамыз. (Осы кезде балалардың құрастырған үйшігі үлкен үйшікке айналады. Балалар кішкене үйшіктің үлкен үйшікке айналғанына қол соғып қуанады).

– Ал енді ертегіні өзіміз ойнап көрейік.

Дидактикалық ойын: «Мен бәрін білемін».

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын балаларға өз қалаулары бойынша тандатып, ертегідегі кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.





«ҮЙШІК» ЕРТЕГІСІ



Тоғжан ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметі: «Көркем әдебиет».

Мақсаты: Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту. Ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау. Мазмұнын түсінуге және оны қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. Кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, сахналауға баулу.

Әдіс-тәсілдер: Салыстыру, көрсету, әңгімелеу, сергіту сәті, ойын, сахналау.

Техникалық қамтамасыз ету: Ертегі кейіпкерлерінің бет перделері, костюмдері, ұнтаспа, ормандағы үйшік.

– Балалар, көңіл-күйлерің қалай? (Көңіл-күйлерін бас бармақпен көрсетеді).

Ойын: «Көңіл-күйдің дыбысы».

Ренжігенде «ух» дейміз.

Қорыққанымызда «ой» дейміз.

Таңырқап «о-о» дейміз.

Қуанғанда «ха-ха-ха» дейміз.

– Балалар, сендер қандай ертегілерді білесіңдер? (Балалардың жауабы).

Ойын: «Ертегіні тауып айт».

Ойын шарты: Кубикті лақтыра отырып, бетімен түскен ертегі суретін әңгімелеп айту.

– Бүгін біз «Үйшік» ертегісін рөлдерге бөліп ойнаймыз. Ерте, ерте, ертеде тышқан орманды аралап келе жатып, әдемі үйді көреді.

Тышқан: Бұл үйде кім тұрады?

– Ешкім үн қатпайды. Сөйтіп тышқан сол үйде тұрып жатады. Келесі күні орманды аралап бақа келе жатып, ол да үйшікті көреді.

Бақа: Бұл үйде кім тұрады?

Тышқан: Мен – тышқанмын. Ал сен кімсің?

Бақа: Мен бақамын.

Тышқан: Маған өлең айтып берші?

Бақа:

Бақа, бақа, балпақ,

Басың неге жалпақ?

Темір телпек көп киіп,

Басым содан жалпақ.

Тышқан: Кел, екеуіміз дос болайық.

– Келесі күні қоян орманды аралап келе жатып, ол да үйшікті көреді.

Қоян: Бұл үйде кім тұрады?

Тышқан: Мен тышқанмын. Мен бақамын. Ал сен кімсің?

Қоян: Мен қоянмын.

Тышқан, бақа: Сен бізге қалай секіретінінді көрсетші?

Ұнтаспадан музыка ойналып, қоян секіреді.

Тышқан, бақа: Кел, дос болайық.

– Келесі күні түлкі орманды аралап келе жатып, ол да үйшікті көреді.

Түлкі: Бұл үйде кім тұрады?

Тышқан, бақа, қоян: Мен – тышқанмын. Мен бақамын. Мен қоянмын. Ал сен кімсің?

Түлкі: Мен түлкімін. Сендерге ойын алып келдім.

Ойын: «Дауысынан тап».

Тышқан, бақа, қоян: Кел, дос болайық.

– Келесі күні орманды аралап аю келе жатып, ол да үйшікті көреді.

Аю: Бұл үйде кім тұрады?

Тышқан, бақа, қоян, түлкі: Мен – тышқанмын. Мен бақамын. Мен қоянмын. Мен түлкімін. Ал сен кімсің?

Аю: Мен аюмын. Сендерге көкөніс әкелдім.

Тышқан, бақа, қоян, түлкі: Кел, дос болайық.

– Сөйтіп, олар тату-тәтті өмір сүріпті.

Күтілетін нәтиже: Балалар ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады.



«ӘДЕМІ ҚҰМЫРА»



**ШЕКЕНОВА Гаухар
Фархатқызы,**
ҚМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Іс-әрекет: «Шығармашылық». «Бейнелеу іс-әрекеті». «Сурет салу».

Мақсаты: Заттардың бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Олардың пішіндеріне, бөліктерінің салыстырмалы өлшеміне және орналасуына қарай түстер мен реңктерін беру. Негізгі пішінді, заттар мен бөліктерінің пропорцияларын жеткізе білу. Түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «құсқанаты», «құстұмсық» туралы түсінігін кеңейту. Олардың өзіне тән элементтерін пайдалана отырып, құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, парақтың ортасын, оң және сол жақтарын ажырату. Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді, ертегілердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. Ертегі желісі бойынша құмыраның суретін салу. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.

Технологиялық қамтамасыз ету: Слайд, үлгі, құмыра суреті.

Ертегілер еліне саяхат: «Тырна мен түлкі» ертегісінен үзінді.

– Ертеде тырна мен түлкі ажырамас дос болыпты. Күндердің күнінде түлкі тырнаны қонаққа шақырады.

Түлкі: Тырнажан, қош келдің. Астан ал.

– Түлкі ботқаны тәрелкеге салып, тырнаның алдына қояды. Тырна тәрелкені тұмсығымен шұқып-шұқып жей алмайды. Ал түлкі болса ботқаны тауысады.

Тырна: Түлкіжан, асына рахмет. Келесі жолы маған қонаққа кел.

– Келесі күні түлкі тырнаға қонаққа барады.

Тырна: Қош келдің, астан ал.

– Ол ботқаны құмыраға салып түлкінің алдына қояды. Түлкі құмыраны әрі қарап, бері қарап ішіндегі ботқаны жей алмайды. Ал тырна болса, басын құмыраға тығып, ішіндегі ботқаны тауысады.

Түлкі: Тырна, асына рахмет. Енді мына құмыраның сыртын әдемілейік.

Тырна: Жарайды, онда балалардан көмек сұрайық.

– Балалар, құмыра сыртына ою-өрнек салып, тырна мен түлкіні қуантайық. Ол үшін алдымен ойланайық. Қандай ою-өрнек түрін салсақ болады? Құмыра сыртына – «құсқанаты» мен «құстұмсық» оюын салайық. (Ою-өрнек түрлерімен таныстыру құсқанаты, құстұмсық, кошқар мүйіз, тұмарша).

– Қазақтың ұлттық ою-өрнектері кілемшелердің, ерлер мен әйелдердің камзол, тақия, шапан т.б. киімдеріне, сандықтардың беттерінде нақышына келтіріліп оюланып салынады. Міне, біздер сол «құсқанаты», «құстұмсық» ою-өрнегін құмыраның ортасына бір-біріне қарама-қарсы пропорцияда саламыз. Ол үшін, экранға назар аударайық. (Балалардың жұмысы).

– Енді алдын ала салынған құмыра ортасына ою-өрнекті салайық. Ол үшін сол жақтан жоғарыдан төменге қарай жартылай пішін сызамыз. Сонан соң, оң жақтан жоғарыдан төменге қарай жартылай пішін сызамыз. Ішін бояймыз. Келесі «құстұмсық» оюын төменнен жоғары қарай, жоғарыдан төменге қарай сызамыз. Міне құмырамыз дайын. Тырна мен түлкі қуанып қалатын болды.

Ойын: «Құмырадан құмыраға гүл салу». «Құмырадан құмыраға су құю».

Мақсаты: Балалардың саусақ моторикасын дамыта отырып, гүлді бір ыдыстан екінші ыдысқа салуды үйрету.

Күтілетін нәтиже: Заттар мен олардың бөліктерін, түстерді өз қалауы бойынша таңдайды. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері туралы түсінік қалыптасады. Ою-өрнектерінің сипатын, парақтың ортасын, оң және сол жақ бөлігін ажыратады. Сурет бойынша ертегілердің желісін жеткізеді. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындауға дағдыланады.



«ОЙЛАН ТАП»

ТУЛЕГЕНОВА А.Қ.,

КМҚК «№8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-бақшасының жоғары санатты тәрбиешісі

Практикалық қызмет: Панорамалық шара. Дидактикалық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекетпен ұштастыру.

Мақсаты: Балалардың түрлі іс-әрекетінде ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. 10 көлеміндегі сандарды таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратып, дұрыс жауап беруге үйрету. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру. Өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету.

Шаттық шеңбері:

Біз қандаймыз қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз,

Еш уайымды білмейміз.

– Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Балалар, мынау не? (Киіз үй).

– Сендер осындай киіз үйді өз тобымызда көргілерің келе ме? (Иә).

– Менің сиқырлы таяқшам бар. Алдымен көзімізді жұмамыз. Мен осы сиқырлы таяқшамен сиқырлаймын. 1, 2, 3 сиқырым менің алып күш, – дегенде, көзімізді ашамыз. Міне керемет, киіз үйіміздің астында хат бар екен. Оны оқып көрейік. Кім жіберді екен? «Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен мектеп мұғалімімін. Сендер балабақшадан не үйрендіңдер? Мектепке баруға дайынсыңдар ма? Соны білу үшін өздеріңе арнайы тапсырмалар жібердім. Ол тапсырмалар киіз үйдің ішінде».

– Балалар, тапсырманы орындаймыз ба? (Иә).

1-тапсырма: «Ойлан тап» ойыны.

Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші қолындағы допты қай балаға бағыттаса, сол бала қойылған сұрақтарға жауап береді.

– Сауат ашу негіздерінен нені үйренеміз? (Дауысты және дауыссыз дыбыстарды).

– Дыбыс нешеге бөлінеді? (Дауысты, дауыссыз болып екіге бөлінеді).

– Дауысты дыбысты қандай текшемен белгілейді? (Қызыл текшемен).

– Дауыссыз дыбысты ше? (Көк текшемен).

– Дауыссыз дыбыс қалай айтылады? (Кедергімен айтылады).

– Дауысты дыбыс қалай айтылады? (Кедергісіз, анық айтылады).

– Өте жақсы! Балалар, сендерге ойын ұнады ма? (Иә).

2-тапсырма: «Аталған сандарды тап» ойыны.

Ойын шарты: Балалардың қолындағы шарда сандар орналасқан. Тәрбиеші бір санды айтады. Мысалы, бір балада бір саны, екінші балада екі саны. Тәрбиеші 12 дегенде балалар қолындағы шардан сандарды табады. Үстелде екі қатарға орналасқан санға байланысты дөңгелектерге сандарды тез қимылмен екі командаға бөлініп қойып шығу керек. Кім бірінші болса, сол команда жеңіске жетеді.

3-тапсырма: Жыл мезгілдері. (Көрнекіліктер фетрадан жасалған).

Фетраға өз қиялдары арқылы төрт жыл мезгілін безендіру, тақпақ айту.

Сергіту сәті: «Көңілді күн».

(Балалар музыка әуенімен қимылдар жасап береді).

4-тапсырма: «Пішіндерді орналастыр».

Ойын шарты: Екі бала екі шеңбердің қасына тұрып, тез қимылдау арқылы берілген үлгі бойынша шеңбердің ішіне пішіндерді орналастырады. Кім бірінші болса, сол жеңімпаз атанады.

5-тапсырма: «Тауық пен балапандар».

Ойын шарты: Балаларға ақ қағаз беріледі. Оның бетіне тауық пен балапандарды үлгі бойынша безендіру. (Табиғи материалдармен жұмыс).

– Жарайсыңдар, балалар. Сендер барлық тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар. Бізге тапсырманы кім жіберді? (Мұғалім апай).

– Қандай тапсырмаларды орындадық? (Балалардың жауабы).

– Жарайсыңдар, балалар! Мен сендерге ризамын!



«ЖЕМІС СУСЫНЫ»

ДОСКАЛИЕВА Айжамал Тарихқызы,
КМҚК №8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-
бақшасының I-санатты тәрбиешісі

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: Жапсыру.

Мақсаты: Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; желіммен майлықты ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар: Үлестірмелі материалдар, желім, ақ қағаз, банка, қағаз, алма, алмұрт су-реттері, дидактикалық үлестірмелі құралдар.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, мен жұмбақ жасырамын. (Слайд).

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңырқатты. (*Алма*)

Бұл жемістің дәмі жақсы,

Және ол шамға ұқсайды. (*Алмұрт*)

– Балалар, жеміс-жидектер қай уақытта піседі? (Жазда).

Дидактикалық ойын: «Қандай жеміс?».

Ойын шарты: Әр балаға үлестірмелі дайын кар-толка таратылады. Балалар жемістерді көлеңкесіне карап ажыратады.

Азель:

Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Қышқыл шырын менде бар,

Төмен басты иемін.

Айгерім:

Жапырақты тасалап,

Өскен жері – бақша-бак.

Күрең қызыл шіркін-ай,

Оның аты – құлпынай.

Алимансур:

Жүзім пісті бір-бірлеп,

Үзіп мәзбіз біз енді.

Қоңырауы күмбірлеп,

Қыркүйекте күз келді.

– Балалар, біз жеке кәсіп жасайтын орынға келдік.

Сендер не көріп тұрсындар?



– Осы сусындарды біз өз қолымызбен жасаймыз. Алдымен жемістерді арнайы бөлгіш құралмен бөліктерге бөліп алып, тәрелкеге салып қоямыз.

Бөліктерге бөлген соң банкiге салып, ішіне су құйып, қақпағын жауып бекітеміз.





Жасаған жұмысымызды есімізге сақтап, қағаз бетіне желіммен жапсырамыз. (Балалардың жұмысы).

Жұмыс барысында үлестірмелі материалға назар аударылады. Тәрбиеші балаларға қағаздан жасалған банканы көрсетіп, жемістерден сусын жасауды ұсынады. Магнитті тақтада суреті салынған банкаға дайын пішіндерді (алма, алмұрт) салып көрсетеді.

– Алма қандай түсті? Алмұрт қандай түсті? (Балалардың жауабы).

Тәрбиеші балалармен бірге жеміс сусынын дайындайды.

– Рахмет балалар! Сусындарың өте дәмді екен, жемістерде көптеген дәрумендер бар. Олар адам денсаулығына өте пайдалы.

Сергіту сәті:

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ.
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күн шуақты.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін».

«КӨКТЕМ КЕЛДІ»



АЛИЕВА Т.Қ.,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Көркем әдебиет. Сурет салу. Балалардың коммуникативтік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Мақсаты: Балаларды суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Дәстүрлі емес әдістермен сурет салуға үйрету. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықтарын ояту.

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,
Алақанды ашайық.
Күннің нұрын алайық,
Қонақтарға шашайық!

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Көктем).

– Көктем көріністерін тамашалайық. (Балалардың назарын суретке аудару).

– Тақтадағы суреттен нені көріп тұрсындар? (Ағаш пен күнді).

– Көктемде ағаштар бүршік жарып, нелер пайда болады? (Жапырақтар). (Балалар ағашқа жапырақтарды, құстарды орналастырады).

– Көктемде нелер ұшып келеді? (Құстар).

– Құстар қайда қонады? (Ағаштың бұтағына).

– Жасыл шөп қайда өседі? (Жерде).

– Мұның бәрі қай мезгілде болады? (Көктемде).

– Балалар, көктемде күн жылынып, қар ериді. Адамдар жеңіл киінеді. Жылы жақтан құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік жарып, жапырақтар шыға бастайды. Айнала жасыл түске боянады. Адамдар ағаштарды күтіп баптайды. Диканшылар егін егеді.

Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».

Мақсаты: Дәстүрлі емес әдістермен сурет салу.

«Көктем келді»

Көктем келді, алақай,
Қуанар барлық балақай.
Көктемде жаңбыр жауады,
Бақшаға гүлдер толады.

(Балалар тәрбиешімен бірге тақпақты қайталап айтады).

Ойын: «Жақсы мен жаман».

Жақсы қасиет болса, қолдарын шапалақтайды, жаман болса, тыныш отырады. (Ағаштарды отырғызу. Ағаштарды сындыру. Құстарға жем шашу. Құстың ұясын бұзу. Ағаштарға су құю. Гүлдерді жұлу. Құстарға ұя жасау).

Сергіту сәті:

Көктем келді алақай,
Қол соғайық балақай.
Терең, терең демалып,
Шынығып бір алайық.



«ЖАЙЛАУДА»

ИЗБАСАРОВА Р.М.,

КМҚК №8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-бақшасының жоғары санатты тәрбиешісі

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жапсыру.

Максаты: Балаларға жайлаудың табиғаты, киіз үй туралы түсінік беру. Жайлау туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жапсыруда сюжетті композиция құрастыра білуін дамыту. Еліміздің табиғатын бейнелейтін ұжымдық жұмыс орындауға баулу. Бейнелерді айқын беру үшін (таулар, киіз үй) сұлбаны қию тәсілдерін қолдануды көрсете отырып, оларды ұсақ бөлшектермен (гүлдер, қойлар, бұлттар) толықтыруға дағдыландыру. Бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу.

Қажетті жабдықтар: Түрлі-түсті қағаз, қайшы, желім, сүлгі, үлгі суреттер.

Сөздік жұмыс: Жайлау, таулар, киіз үй, жануарлар.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, слайд, бейнеролик.

Алдын-ала жұмыс: Балалармен көрмеге саяхат жасау.

Амандасу рәсімінен кейін балалар шеңбер бойымен тұрып, көздерін жұмып, жазғы жайлауды елестетеді. Сонан соң балаларға бейнеролик, слайд арқылы «Жайлауда» суреті көрсетіледі.

Ұзамайды мал шалғай,

Жатыр жақын қойнауа.

Қаймақ, қатық мол қандай,

Құт-береке жайлауда.

– Балалар, жайлауда малшылар малдарын бағады. Киіз үйлерін тігіп, жаз бойы, қара күз түскенше жайлауда болады. Ондағы тау, ағып жатқан су, жайқалған жасыл желектен табиғат көрінісін байқауға болады. (Балаларға көрмедегі жазғы жайлау туралы әңгімелеу. Тәрбиеші балаларды шопандардың еңбегімен таныстырады. Қазақтың киіз үйін, ұлттық киімін, үй ішіндегі жасаулар мен сәнді бұйымдарды, ою-өрнектерді көрсетіп әңгімелейді. Ұлттық бұйымдарғы бояулардың ашық түсіне балалардың назарын аударады).

Жұмбақтар:

Басында екі таяғы бар, төрт аяғы бар.

Сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар. (*Ешкі*)

Көкке шаншып құйрығын,

Келеді шауып жүйрігім. (*Құлыншақ*)

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (*Қой*)

«Жазғы жайлауда». (Слайд көрсету).

– Жайлау қыстаудан алыс, шалғай жатқан даладағы жазғы қоныс.

Ол шөбі шүйгін, суы мол тұнық, ауасы салқын жерден таңдалады. Жазда жайлаудың шөбі жайқалып, жер беті масатыдай құлпырады. Қыстан әбден арықтап, көтерем болып шыққан мал, жайлауға іліккен соң, тойынып секіреді. Адамдар да сергіп, жиын-той өткізеді. Бие байлап, қымыз ішеді. Айран ұйытып, құрт жаяды, ірімшік қайнатады. Қысқа азық-түлік жинайды.

Жанерке:

Жаздың күні жайлауда,

Күнге күйіп шынығып.

Қандай жақсы ойнауға,

Жүресін сен жайрандап.

Жүйрік желмен жарысып,

Кен даланы сайрандап,

Қозы, лақпен табысып.

Жайлау, жайлау, жасыл бақ,

Көл бойында тынығып,

Мәз боламыз асыр сап.

Қызықты сәт. Бағбан бала кіреді. «Төлдермен тілдесу».

Бағбан бала балалармен амандасады, өзі іздеп жүрген төлдермен тілдеседі.

Бағбан бала:

Лағым-ау, лағым,

Неден шұнақ құлағың?

Лак:

Секіріп көп құладым,

Содан шұнақ құлағым.

Бағбан бала:

Қошақан-ау, қошақан,

Неден көңілің босаған?

Қошақан:

Көп қадалып ошаған,

Содан көңілім босаған.

Бағбан бала:

Құлыным-ау, құлыным,

Неден сұлу тұлымың?

Құлын:

Сіміріп су тұнығын,

Содан сұлу тұлымым.

Бағбан бала:

Торпағым-ау, торпағым,

Неден болдың қорқағым?

Торпак:

Қалбандаса қалпағың,

Содан қатты қорқамын.

**Бағбан бала:**

Ботақан-ау, ботақан,
Неден болдың момақан?

Ботақан:

Мен де өзіндей балақан,
Момындықты жаратам.

– Біз міне, жайлау, малдың төлдері туралы көп әңгімеледік. Енді осыны қағаз бетіне жапсырып бейнелейміз. Жайлауды қағаздан қиып, жапсырамыз.

(Үлгімен таныстыру, дайын үлгіге талдау жасау. Алдын-ала дайындалған киіз үйді, тауларды әсемдеп жапсыру жолдарын көрсетіп түсіндіру. Түрлі-түсті қағаздан қию әдісін қолданып бұлттарды, гүлдерді жасап жапсыруды көрсету. Балаларға дайын кесілген суреттерді қағаз бетіне жапсыру үлгісін көрсету. Қағаз бетіне желімдеу. «Жайлауда» сюжетін толықтыру. Ұжымдық жұмыс жүргізу. Тәрбиеші

балаларды әртүрлі қағаз түрлерімен таныстыра отырып, сапасына (жұқа, жұмсақ, бүктеледі) тоқталады.

– Мына қағаздарды қарандаршы, қандай түсті? (Жасыл, қызыл, көк).

– Балалар, міне жайлауымыздың суреті шықты. Енді біз дайын үлгілерді және түрлі-түсті қағаздардан жасалған гүлдерді желіммен жапсырамыз.

(Балалардың ұжымдық жұмысы. Түрлі-түсті қағаздан бұлт, гүлдерді жырту әдісін қолданып жасау. Алдын-ала дайындалған киіз үйді, бұлттарды жапсыру. Педагог қағаздан жұмыс жасауда балаларға көмек көрсетеді, қағазды қиып, желімдеуде бағыт береді).

Сергіту сәті.

Дидактикалық ойын: «Бұл ненің төлі?».

Мақсаты: Балалардың төрт түлік және олардың төлдері туралы білімдерін кенейту.

«ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН САҚТАЙЫҚ»



Бактигулова Лиза
Зиноллақызы,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Жолдағы қауіпсіздік ережелерін үйрету. Салауатты әдеттерді сақтауға баулу; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күшжігерін біріктіру.

Қажетті құралдар: Ойыншық қонжық, бағдаршам, жаяу жүргінші жүретін жолдың үлгісі, ойыншық көліктер т.б.

Билингвальды компонент: Бағдаршам-светофор, пешеход-жаяу жүргінші.

Алдын ала жұмыс: Бағдаршам, көше ережелері туралы суреттерді қарап, әңгімелесу. Бағдаршам туралы жұмбақтарды шешіп, тақпақтар айту. Ата-аналарға көшедегі бағдаршам жұмысын баласымен бірге бақылауды ұсыну.

Ғажайып сәт: Қонжықтың келуі.

– Балалар, қарандаршы, қонжық жылап тұр. Қонжық, сен неге жылайсың?

Қонжық: Мен адасып кеттім. Жолдан өте алмай тұрмын.

– Қонжық, сенің анаң қайда?

Қонжық: Мен серуенге жалғыз өзім шықтым.

– Балалар, көшеге жалғыз шығуға, жолға жақындауға бола ма? (Болмайды).

– Қонжық, жылама. Сені бүгінгі іс-әрекетімізге қатысуға шақырамын. Балалармен бірге жолдан дұрыс өтуді үйретеміз. Бізге досымыз көмектеседі. Оның кім екенін жұмбақтың шешуі арқылы білесіңдер.

Жұмбақ.

Көзін ашып-жұмады,

Бағыт сілтеп тұрады.

Расында да, бұл не? (*Бағдаршам*)

– Дұрыс, бұл біздің досымыз бағдаршам. (Бағдаршамның суретін көрсетеді).

– Бағдаршамның үш көзі бар, үш бұйрығы. Үш көзінің түсі үш түрлі. Олар өз кезегімен жанады. Бі-



ріншісі – қызыл, екіншісі – сары, үшіншісі – жасыл. Олар нені білдіреді? Қызыл түсі не дейді? (Жүруге болмайды «тұр» дейді).

– Сары көзі не дейді? (Жүруге «дайын бол» дейді). Жасыл көзі не дейді? («Жүр» дейді).

Қимылды ойын: «Бағдаршам».

Ойын шарты: Жүргізуші бағдаршамның қызыл көзін көрсетсе, балалар қозғалмай тұрады. Сары түсте қолдарын шапалақтайды. Жасыл түсті көрсеткенде, балалар бір орында тұрып жүреді.

– Сендер зейінді балалар екенсіңдер, жарайсыңдар.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,

Біздер жолға шығайық.

Ұзын, қысқа жолдарды,

Біліп біздер алайық.

– Енді бір-біріміздің қолымыздан ұстап көшеге шығып, жолға жақындайық. Қандай дыбыстар естілетінін тыңдайық. (Көліктердің дыбысы естіледі).

– Міне, біз жолға келдік. Не көріп тұрсыңдар? (Көліктер, бағдаршам).

– Ал, мынау алдарыңдағы – зебра. Ақ жолақты, арнайы жаяу жүргіншіге арналған жол. Бұл жүргіншілердің көмекшісі. Адамдар тек қана жүргіншілерге арналған жолмен жүруі керек.

– Бағдаршамның қандай түсінде жүреміз? (Жасыл түсте).

– Балалар, көшеде жол тәртібін сақтамау – адам өміріне өте қауіпті. Жолдан үлкендермен бірге өткен дұрыс. Ол жерден жүгіріп өтуге болмайды. Жолдан өтер кезде, алдымен сол жағыңа қарап, арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолмен өту керек.

Құрастыру: «Бағдаршам».

Қиылған түсті қағаздардан бағдаршамды құрастыру.

Тыйым сөздер:

Көлік жүретін жолдан жүгіріп өтпе.

Жол бойында ойнама.

Көлікке қарай жүгірме.

Көліктің терезесінен басыңды, қолыңды шығарма.





«ҒАЖАЙЫП ҚЫС»

ЖУБАНАЛИЕВА Рая Сундетқызы,
КМҚК №8 «Ақбота» санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, өз ойын жеткізе білуге үйрету. Балалар әрекетінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту. Қоршаған ортада бірлесіп әрекет ету дағдыларын жетілдіру.

Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық,
Күннен жылу алайық.
Жиналған жылу шуақты,
Бір-бірімізге сыйлайық.

Тәрбиеші «Ғажайып қыс» бейнекөрінісіне балалардың назарын аударады.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс мезгілі).

– Қыста ауа райы қандай болады? (Аяз болып, боран соғады, қар жауады.)

– Боранды қимылмен қалай көрсетеміз? (Қолдарын көтеріп, гүлдейді).

– Қатты аяз болып, тонғанда не істейміз? (Қолдарымен денесін құшақтап, аяқтарын топылдатады).

– Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? (Алақай, деп қуанамыз).

Жұмбақ:

Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тонады. (Қар)

Ойын: «Ұлпақарлар».

Тәрбиеші жоғарыдағы бұлт бейнесіне балалардың назарын аударады. Ұлпақарлар жапсырылып керілген жіпті тартады, ұлпақарлар ұшады.

Тыныс алу жаттығуы: Балалар ұлпақарларды алақандарына салып, үрлейді.

Тәжірибе: «Қар түйіршіктеріне не болды?». Қардың ерігенін көрсету.

Сергіту сәті.

Ойын: «Қар лақтыру».

Балаларға қағаз беріледі. Оны умаждап, қысып, қар жасап ойнау ұсынылады.

Дидактикалық ойын: «Сол қолғаптарын тап».

Мақсаты: Балаларды геометриялық пішіндерді пішініне, түсіне қарай сәй-

кестендіруге үйрету. Олардың аттары бойынша жаттығулар жасау. Балаларды қажетті пішінді тез табуға үйрету. Геометриялық фигураларды ажыратып, дұрыс атай білу қабілетін қалыптастыру.

Материал: Әр балаға арналған түрлі-түсті геометриялық пішіндерді бейнелейтін қолғаптар.

Ойын барысы: Біз балаларға бір қолғаптан таратамыз, ал екіншісін үстелге қоямыз. (Кілемге қоюға да болады). Музыка әуенімен балалар жүреді, музыка тоқтаған кезде олар қолғаптың сынарын табуы керек. Балалар қолғапта қандай геометриялық фигура бар екенін айтады. Ойын соңында балалар келген қонақтармен қоштасады.

Қол ұстасып тұрайық,
Шенберді біз құрайық,
Көріскенше күн жақсы,
Сау саламат болайық.

Күтілетін нәтиже: Табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды. Басқа балалармен бірге келісіп ойнайды. Бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады. Қағазды қолданудың қарапайым әдістерін біледі. Түсі бойынша ұқсас заттарды топтастырады.





«АУЫЛ КӨРІНІСІ»



ШАЙМАРДАНОВА А.А.,
КМҚК №8 «Ақбота»
санаторлық бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың жайлау, ауыл көрінісі туралы білімдерін тиянақтау. Түрлі көлемдегі бөлшектерді киюды, дайын бөлшектерден композиция құрастыруды, суретті ұсақ бөлшектермен толықтыруды үйрету. Қағаз бетіне заттардың бейнелерін: күнді, киіз үйді, шөптерді қиып, желімдеу барысында элементтердің реттілігін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, орналастыруды дамыту. Туған өлкенің табиғатына, қазақ халқының төл бітім-болмысына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Қайшымен жұмыс жасау барысында қауіпсіздікті сақтауға дағдыландыру.

Шаттық шеңбері:

Қане, кане, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Жаксы, жаксы сөздерді,
Қонақтарға сыйлайық.
Табиғат біздің анамыз,
Біз табиғатқа баламыз.
Иіліп сәлем береміз,
Біз әдепті баламыз.

– Жарайсындар, балалар!

Ғажайып сәт: «Ненің дыбысы?»

– Балалар, не естіп тұрсындар? (Сиырдың, қойдың дыбысы).

– Оларды біз үй жануарлары деп атаймыз. Сендер қандай төрт түлік малдарды білесіндер? (Балалардың жауабы).

– Бәріміз орнымызға отырайық. Тәрбиеші балаларға «Жайлау» бейнеролигін көрсетеді. Балалар, бүгін бізде қандай оқу-қызметі? (Жапсыру).

– Ал жапсыру оқу-қызметінде біз қандай құралдармен жұмыс істейміз?

(Түрлі-түсті қағаздармен, қайшымен, желіммен).

– Қайшымен жұмыс жасаған кезде, қауіпсіздік шараларын сақтап, оның басын төмен қарай ұстап, саусақтарымызға абай болуымыз керек.

– Бүгінгі оқу-қызметімізде біз бастаған «Жайлауда» композициясын аяқтаймыз. Мына екі композицияның қандай айырмашылығы бар? Мына суретке қандай бейнелер жетіспейді? (Шөптер, күн, киіз үй).

– Ең алдымен суреті салынған киіз үй бейнесін сызық бойымен қайшымен қиып аламыз. Сүлгімен үстін бастырамыз. Қағазымыздың оң жақ бетіне киіз үйдің бейнесін жапсырамыз. Келесі, күн бейнесін сары түсті қағаздан, сызық бойымен дөңгелетіп қиып алып, қалған қағазымыздан күн шуақтарын, яғни, жолақшаларды қиып, қағазымыздың оңнан солға қарай жоғарғы жағына орналастырып, жапсырамыз. Сүлгімен үстін бастырамыз.

Жасыл түсті қағаздан шөптерді, яғни, қағаздың шетіне жеткізбей, жоғарыдан төмен қарай жолақшаларды қиып, қайшыменен қағазды қайырып, желімдейміз. (Балалардың жұмысы).

Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап».

Мақсаты: Төрт түлік малдың төлдерін ажырата отырып, сәйкес суретпен қарындашпен сызып сәйкестендіру.

Дидактикалық ойын: «Ауыл көрінісі».

Мақсаты: Ауыл көрінісін құрастыру барысында, төрт түлікті атап, дұрыс орналастыруға, бейнелерді орналастыруда ара-қашықтықты сақтауға үйрету.

Қорытынды.

Күтілетін нәтиже: Балалар жайлау, ауыл көрінісі туралы біледі. Түрлі көлемдегі бөлшектерді киюды, дайын бөлшектерден композиция құрастыруды, суретті ұсақ бөлшектермен толықтыруды меңгереді. Туған өлкенің табиғатына, қазақ халқының төл бітім-болмысына құрметпен қарайды. Жапсыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтайды. Жұмысты ұқыптылықпен орындайды.



*БИЯХМЕТОВА Гүлнәр Көкентайқызы,
Алматы қаласындағы КМҚК №100 «Гауһар»
бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі*



*ДАУТАЛИЕВА Зауре Әлімқызы,
КМҚК №100 «Гауһар» бөбекжай-
балабақшасының қазақ тілі мұғалімі*







*№100 «Гайһар»
бөбекжай-
балабақшасының
тыныс-тіршілігінен
көріністер*







«МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН!»

НҰРҒАЛИЕВА Игілік Берікбайқызы,
Алматы қаласындағы №100 «Гауһар»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту. Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, достыққа, адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу.

Ашық сабақ әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу.

«Атамекен» әнінің әуенімен балалар жалаушаларын желбіретіп топқа кіреді.

– Құрметті кішкентай бүлдіршіндер және балабақша ұжымы, Сіздерді 25 қазан Республика күні мерекесімен «Бәйтерек» ересектер тобы атынан шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл-күй тілеймін!

Ақжайық, Алтай арасы,
Қазақтың шалқар даласы.
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай,
Қырманы асқар таулардай.
Республикама қарашы!

Әнұран.

Тосын сәт: Музыка әуенімен топқа ата келеді.

Ата: Бұл қай жер, жөн сұрап білейін?!

– Сәлеметсіз бе, ата. Төрлетіңіз. Бұл балабақша, «Бәйтерек» тобына келдіңіз.

Ата: Мен ел аралап, сынғырлаған балалардың күлкісін естіп келдім. Бұл балалар өздерінің қай елде тұратынын біле ме?

– Қош келдіңіз! Бізде Республика күніне арналған мерекелік ертеңгілік өтеді. Балалардан сұрап білуіңізге болады.

Ата: Амансындар ма, балалар. Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің қасиетті мекендерін қай республика? (Қазақстан Республикасы).

Ата: Еліміздің президенті кім? (Тоқаев Қасым-Жомарт Кемелұлы).

Ата: Отанымыздың бас қаласы қай қала? (Астана қаласы).

Ата: Қазақстанның қандай рәміздерін білесіңдер? (Әнұран, Ту, Елтаңба).

– Балалар, еліміздің рәміздері туралы атамызға айтып беріндерші. (Балалар еліміздің рәміздері, олардың ерекше белгілері, авторлары жайлы, Қазақстан туралы тақпақтарын жарыса айтып береді. Ата балаларға өзінің ризашылығын білдіреді).

– Балалар, енді екі топқа бөлініп, атаға шығармашылық жұмысымызды көрсетейік. 1-ші топ Тудың бетіне күннің, қыран құстың, оюдың суреттерін жап-

сырады. Ал 2-ші топ Туымызды құрастырады. (Балалардың жұмысы).

Ата: Жарайсындар, балалар! Жұмыстарыңды өте жақсы орындадыңдар.

– Отан – біздің кең байтақ жеріміз, туған өлкеміз, ата-анамыз, ауыл, қалаларымыз. Енді біздің балалар Отан туралы тақпақтарын айтып береді...

Ата: Жарайсындар! Сендер ойын ойнағанды жақсы көресіңдер ме? (Иә).

Ата: Олай болса, қазақтың ұлттық ойыны «Арқан тарту» ойынын ойнайық.

Ойын: «Арқан тарту».

Ата: Жарайсындар, балалар! Сендер Тәуелсіз еліміздің бақытты балдырғандарысындар. Еліміздің ертеңгі болашағы сендерсіңдер. Сендердің еңбектерің – жақсы оқығандарың, білімді, тәрбиелі жанжақты дамыған ұрпақ болып өсіп, өркендегендерің. Республика күні мерекесі құтты болсын! Бәрімізге мерекелік көңіл-күй сыйладыңдар. Айтар алғысым шексіз. Болашақтарың жарқын, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын! Сау болыңдар, балаларым!





«БҮЛДІРШІННІҢ БОЛАШАҒЫНА ЖОЛ АШУ – ҮЛКЕН ІЗДЕНІС»



АЛИЕВА Айслу Гайниқызы,
Атырау қаласындағы
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасы директорының
міндетін атқарушы



**САДЫРОВА Шынар
Файзоллақызы,**
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының әдіскері

Мектепке дейінгі тәрбие – баланың өмір бас-
палдағына аяқ басар алғашқы әрі маңызды сатысы.
Біздің Атырау қаласындағы №34 «Нұрбөбек» бөбек-
жайының ұжымы қазіргі қоғамда мектепке дейінгі
білім беру басымдылығын нығайту, мектеп жасына
дейінгі балалармен заманауи бағытта жұмыс жүр-
гізудің тың жолдарын қарастыруда. Осы бағыттағы
ізденісті шығармашылық жұмысымыздың нәтижесін

қала, облыс, республика көлемінде танылған ерекше
авторлық жобалардан көруге болады. «Баланы көр-
сен, өз балалық шағың есіңе түседі» – демекші, күн-
делікті балалар ортасында олардың тәтті қылығын
тамашалай жүріп, заман ағымына қарай бейімделіп
өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа сапалы тәрбие беру
жауапкершілігінің арта түсетінін сеземіз. Сондықтан
шығармашылық топ бірнеше бағытта аянбай жұмыс





жасап келеді. Биылғы жылдың 3-ші қарашасында Атырау қаласында «Болашаққа бағдар: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалары» тақырыбында республикалық форум ұйымдастырылды. Форумда еліміздің әр түкпірінен келген әріптестеріміз бен Атырау өңірінің бақшалары өз жұмыстарын көрсетіп, көрмелер ұйымдастырып, шебер-сыныптар өткізді. Солардың қатарында біздің бақшамыздың педагогтарының да өз іс-тәжірибелерімен бөлісуі — біз үшін үлкен жетістік.

Біздің ұжым мектепке дейінгі ұйым бағдарламасы міндеттерінің бірі, кітапхана бұрышын жасау, оған ата-аналарды тарту және ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау жұмыстарын заманауи технологиямен ұштастыра білді. «Ұлттық құндылықтарды мобильді кітапхана арқылы насихаттау» тақырыбы бойынша жасақталған біздің көрменің маңызы кітапхана қызметін пайдаланудың тиімді түрі екендігін және қазіргі кітап оқылымы төмендеп тұрған заманда бұл тақырыптың өзектілігін көрсете білді. «Мобильді кітапхана» технологиясымен бірнеше бағытта жұмыс жасауға болады: электронды ақпарат берудің тиімді жолы, ұлттық құндылық немесе педагогтың шығармашылық тақырыбы туралы ресурстардың осы қоржынға жиналуы, инновациялық жұмыстардың тиімділігін арттыру. Әрине, белсенді QR код арқылы жұмыс жүргізетін кейбір әріптестерімізге бұл жаңалық болмауы да мүмкін. Біздің басымдылығымыз: интернет желісіне орналасқан



ақпараттың өз бақшамыздың тәжірибесінен болатындығы. Сонымен қатар, біздің бақшамызда 2021 жылдан бері «STEAM» технологиясының 5 бағытымен жұмыс жасап келсек, биылғы оқу жылында алтыншы бағыты — «Мультстудия» қосылды. Мультстудияда жасалған топтардың анимациялық мультфильмдері дамытушы ортада ойналатын дамытушы ойындардың белсенді көмекшісі. Арнайы жасақталған «STEAM» кабинетіндегі мультстаноктың форум көрмесіндегі таныстырылымы да әсерлі өтті.

Бұл жұмыста педагог пен балалар бірігіп, балақиялы бойынша ертегі ойластырып, оны жүзеге асыруы және ата-аналар бұрышында электронды нұсқасын ата-аналардың тамашалауы — шығармашыл педагогтардың жұмысының жемісі!





«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНА АРҚЫЛЫ НАСИХАТТАУ»



**БАЯМИРОВА Гульзайда
Абилайқызы,**
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Елімізде жеке тұлғаның, қоғам және мемлекет үшін бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Сонымен қатар, орын алған он өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Қазіргі таңда, білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді. Баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынуда. Жаһандану жағдайында рухани құндылықтарымызға қайта оралып, балаларға саналы білім мен парасатты тәрбие беру мәселесі өзектілігімен айқындалады.

Ұлтымызды дәріптеп, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни, тәрбиешілерге үлкен міндет. Ол үшін тәрбиеші кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді

қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды іс болып табылады.

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылады. Жан азығынан мақұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып кететінін ертеден ұғынған халқымыз жан азығын, ең әуелі, нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруден бастайды. Сонан соң жас балдырған жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді. Ол үшін тақпақ, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, мақал-мәтел үйретіп, баланың тілін ширатып, ойын дамытады. Жас баланың нәресте, бөбек, балдырған кезіндегі адам болып қалыптасуы 1-6 жастың арасы десек, бала әдептілік негіздерін осы жаста үйренеді, оның бойында тектік қасиеттер қалыптасады.

Бар жақсылықты біз кітаптан үйренеміз. Биылғы оқу жылында тобымыздағы кітап орталығына «Электронды кітап» орталығы қосылды. Біздің кітап бұрышының ерекшелігі дәлізде орналасқан. Таңертең ерте келген кезде балалармен ата-аналар кітапты оқып, QR код арқылы қосып жатқанын көреміз. Екі топқа да қолжетімді.

Балалардың кітаптарға, балалар әдебиетіне театр әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру – тәрбиеленушілердің ойлау, есте сақтау қабілетін қалыптастыруға, қиялын дамытуға, сөздік қорын молайтуға ықпал етеді. Кітаптардың, суреттер мен иллюстрациялар жинақтарының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қамтамасыз етілді. Кітап бұрышында балалармен түрлі әрекеттер ұйымдастырылады. Заманауи QR код арқылы жасақталған соң, оған ата-аналардың да қызығушылығы артқаны байқалды. Қалалық «Балаларға базарлық» атты





байқауға қатысып 3-ші орын иелендік. Балалар жеке тұлға болып қалыптасып, кітаптағы бар жақсыны бойларына сіңірсе деген ойдамыз. Алдағы уақытта заманымыздың талабына сай балалардың құзырлы-

ғын дамыту арқылы үлкен нәтижеге жетіп, жемісін көреміз деген сенімдеміз. Менің шығармашылық бағытым – рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, V том.

Қазақша түсіндірме сөздік: Ғылымтану. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын-Павлодар: ҒӨФ «ЭКО», 2006 жыл. - 430 б. ISBN 9965-808-78-3

Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік. Словарь 2007. — 344 бет.

«Қазіргі жастардың ғылыми әлуеті» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы 4-31 наурыз 2022 ж.

«ЗАМАНАУИ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ КАРТОТЕКАСЫ»



ҚАЛАУОВА Асылзада,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі



ЖАЙШЫЛЫҚ Айжан,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Біз бөбекжай-бақшамызда Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтарының ойындық құзыреттілік деңгейін арттыру және ойын арқылы балалардың жеке тұлғалық дағдыларын дамыту арқылы заттық-кеңістіктік дамытушы органы жетілдіру, Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесінде әртүрлі ойын түрлерін қолдану дағдыларын қалыптастыру, педагогтардың ойын және ІТ-құзыреттілігін дамыту мақсатында жұмыстанудамыз. Осы бағытта

жүргізілген жұмыстың нәтижесінде, мектепке дейінгі ұйымның тәрбие-білім беру үдерісінде әртүрлі ойын түрлерін талдау және қолданудың жаңаша әдіс-тәсілдерін меңгерудің мүмкіндігі туды. «Заманауи» ұғымына тоқталсақ, біздің бақшамыздың шығармашылық тобы STEAM технологиясының элементтерімен байланыстыра дәстүрлі ойындарды жаңа қырынан түрлендірген болатынбыз. Өз тәжірибемізден ойластыра жасақталған дидактикалық



ойындарымыз арқылы әріптестерімізбен тәжірибе бөліссек деген ойдамыз.

Дидактилық ойын: «Өз үйінді тап».

Мақсаты: Балаға түстерді ажыратуды Флипчарт бағдарламасы арқылы үйрету. Заманауи интерактивті тақтамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу. Балалардың коммуникативтік, танымдылық-зияткерлік дағдыларын жетілдіру.

Ресурстар: Интерактивті тақта, үлестірмелі пішіндер: дөңгелек, шаршы, сопақша, үшбұрыш, тік төртбұрыш.

Балаларды жасырын пішіндерді таңдау арқылы топтастыру. Топтарға 4 түс: қызыл, сары, көк, жасыл түсті пішіндер беріледі. Түстер бойынша топтасқан балалар алдын ала дайындалған тапсырмаларды орындайды. Түсті ажыратады, көрші топтар түсін айтады, нақтылайды. Пішіндерді қайталайды, түстерін айтады. Бір түсті және әртүрлі пішіндерді сәйкес ұяшыққа шапшаң орналастырады. (1-нұсқа).

Жабайы және үй жануарларын үйшіктеріне орналастыру. Пішіндердің екінші жағын жануарлар суретіне сәйкестендіру. (2-нұсқа).

Мақсаты: Жануарлардың мекен ететін ортасын табу, тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту.

Дыбыстары арқылы жасырылған жұмбақтың шешуі қай жануар екенін, жабайы және үй жануарлары суреттерінің арасынан тауып, сәйкес келетін ұяшыққа орналастыру. Бұл ойынды Флипчарт бағдарламасы арқылы және алдарына берілген үлестірмелі ресурстар арқылы ойнатуға болады.



Дидактилық ойын: «Қолымда не бар?»

Мақсаты: Lego және робототехника технологиясын қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту. Құрастыру мен бағдарлама жасаудың негізгі дағдыларын қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, өз өнімдерін әзірлеуге ынталандыру, танымдық процестерді дамытуды; жеке тұлғалық қасиеттер: еңбексүйгіштікке талпыну, қоршаған ортаға қамқорлықты, ұқыптылықты, шыдамдылықты, жинақтылықты және т.б. тәрбиелеуді қамтамасыз етеді. Роботышқан арқылы құрастыруда, кеністікті бағдарлауды үйренеді.

Ресурстар: Lego құрастыру құралдары, қолжетімді ұсақ тастар, жаңғақтар.

Баланың қауіпсіздік мінез-құлық негіздері қалыптасып және өз-өзіне қызмет көрсете алатынына көз жеткізу. Lego ойыншықтарын бала ұстап көре алады. Құрастырмалар бала өміріне қауіпсіз. Қолын кесіп алу, жұтып қою жағдайлары болмайды. Баланың қолдары таза қалпында ойнап болғаннан соң, құрастырмаларды тез жинай алады. (Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез-келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б.). Балалар Легоның технологиялық ережесі бойынша ұзын-қысқа, жуан-жінішке, үлкен-кіші құрастырмалы ойыншықтарды оң және сол жағына орналастырады. (1-нұсқа).

Ойынды қарапайым қолжетімді тастар мен шарлар арқылы ұйымдастыру.

Бала сипап сезу арқылы қолына ұстаған затты ажыратады, сипаттайды: үлкен-кіші, жұмсақ-қатты, жеңіл-ауыр. Балалар топтан жүрісі мен дыбысы арқылы Роботышқанды табады. Оның тапсырмасы бойынша қобдишада жасырылған заттарды сипап ажыратады. Үкен-кіші, жұмсақ-қатты, жеңіл-ауыр ұғымы бойынша сипаттайды. Ойынды командалық, жеке баламен ойнатуға болады. (2-нұсқа).





Дидактикалық ойын: «Асхана».

Мақсаты: Балалардың әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын; коммуникативтік, танымдылық дағдыларын; әртүрлі еңбек түрлеріне оң көзқарастарын қалыптастыру.

Ресурстар: Ф.Фребельдің дидактикалық ойындары.

Тәрбиеші әртүрлі халықтардың тағам түрлерімен таныстырады. Сонымен қатар, балалардан қандай тағам түрлерін білетінін сұрап, ортада тұрған заттарды тандап алуды ұсынады. Және ұнаған тағамдарын жасау үшін топтастыру арқылы кері байланыс алады.



Жүру барысы: Балалар өзіне қажетті Ф.Фребельдің №7, 8, 9, 10, 11, 12 құралдарын алып, ұнаған тағамдарын жасайды.

Сонымен қатар электронды ойындарды ұсына отырып, әр ойынды қолжетімді QR код арқылы ойнатуға да болады. Яғни, ойын ойнатар алдында балаларға таныстырылатын ережелер интернет желісі арқылы таныстырылып, баланың ойынға деген қызығушылығын арттырады.

Дидактикалық ойын: «Макарон моншақтар».

Мақсаты: Ойындар арқылы балалардың қызығушылығын, танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту. Жіпке макарондарды бір-бірілеп өткізу арқылы

түстерін айта отырып, сөздік қорын молайту. Тәрбиеші балаларға Түрлі-түсті макарон салынған тәрбиеші балаларға Түрлі-түсті макарон салынған тәрбиеші балаларға Түрлі-түсті макарон салынған тәрбиеші балаларға ұсынады. Әр баланың алдында бір жағы тұйықталған жіп болады. Сол жіптің бойына бір түсті макаронды бір-бірілеп өткізеді.

Дидактикалық ойын: «Көліктер».

Мақсаты: Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыра отырып балалардың көліктер туралы білімдерін және кеңістіктегі орнын анықтап ажыратуға баулу. Коммуникативтік дағдыларды дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Балаларға әуе, жер, су көліктерінің суреттері беріледі. Олар қораптың ішіне салынуы қажет. (1-нұсқа).

Балалар алдарына берілген үлестірмелі ресурстар арқылы жолда жүретін жеңіл көліктерді оңға және солға жүретін бағыттары бойынша орналастырады. (2-нұсқа).

«Қандай көлік артық?». Көлік түрлері (жеңіл көлік, автобус, трамвай, кеме, жедел жәрдем, өрт сөндіруші көлігі, троллейбус, маршрутты такси, ракета, ұшақ). Жеңіл көлік, автобус, трамвай, кеме – артық көлікті тап. (3-нұсқа).

Дидактикалық ойын: «Тәулік бөліктері».

Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, оларды атауға, ажыратуға жаттықтыру. Танымдық зияткерлік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Балалар тәулік бөліктері суреттерін тандап алып, оның тәуліктің қай бөлігі екенін айтып әңгіме құрастырады.

Дидактикалық ойын: «Көгалдағы әдемі гүлдер».

Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, түс бойынша тандап алу іскерлігін қалыптастыру. Шығармашылық зияткерлік, танымдық және коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Ресурстар: Қылқалам, акварель, бояулар.

Балалар тәрбиеші нұсқауы бойынша жылы түстер мен суық түстерден гүлдер салады.

Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?».

Мақсаты: Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. Айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. Танымдық және зияткерлік, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

Ресурстар: Әртүрлі және Түрлі-түсті пішіндер.

Тәрбиеші геометриялық пішінді балаларға көрсетеді. Олар қоршаған ортада немесе топта қандай затқа ұқсайтынын тауып айтып береді.

Дидактикалық ойын: «Жануарларды өз үйіне орналастыру».

Мақсаты: Үй және жабайы жануарларды ажырата білуге өз мекендеріне апарып орналастыруға үйрету. Әлеуметтік эмоционалды және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру.



Ресурстар: Үй және жабайы жануарлардың суреттері немес мультфильмдер.

Балалар үй және жабайы жануарлар туралы түсінік ала отырып, берілген ресурстарды мекендеріне орналастырады.

Дидактикалық ойын: «Қай мезгілде киеміз?».

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Жыл мезгілдеріне сәйкес келетін киім атауларымен таныстыру, сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. Коммуникативтік және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру.

Ресурстар: Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер

және жыл мезгілдеріне байланысты киімдердің суреттері.

Балалар суреттегі киімдердің қай жыл мезгіліне келетінін тауып, жыл мезгілі бейнеленген суретке сәйкестендіріп қояды.

Дидактикалық ойын: «Гүлдер әлемі».

Мақсаты: Бірлесіп құрастыру барысында сыйластық қарым-қатынас орнату. Балалардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру.

Ресурстар: Гүлдердің екіге бөлінген суреттері.

Тәрбиеші бірнеше гүлдердің екіге бөлінген суреттерін үстел үстіне жайып қояды. Балалар қарап шығып, тәрбиешінің нұсқауы бойынша суреттерді біріктіріп гүлдер бейнесін құрастырады.

«БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ІСКЕРЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»



САХБАЛИЕВА Айнұр,
№34 «Нұрбөбек» бөбекжай-бақшасының бейнелеу өнері пәні мұғалімі

Егер балабақшада бейнелеу өнері оқу қызметінде дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді тиімді қолданса, балалардың іскерліктері мен дағдылары қалыптасып, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтары арта түседі. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін бейнелеу өнерінің маңызы ерекше. Балалар бейнелеу өнері арқылы әсемдікке, сүйіспеншілікке тәрбиеленеді, жаңа заттармен, өмір құбылыстарымен танысады, таным қабілеттері дамиды, саусақ бұлшық еттері жетіледі. Ойлау қабілеті дамып, эстетикалық талғамдары оянады. Ұжымдық жұмыс арқылы өтілетін ұйымдастырылған іс-әрекетте мен бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері арқылы балалардың оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыруға жұмыстанады. Біздің бақшамызда «Шебер қолдар» үйірмесі 2019 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Мақсатым: балалардың бейнелеу өнеріне деген ынтасын ояту және бейнелеу өнерінің қыр-сырына үңілту. Арнайы

бейнелеу студиясы ашылып, балаларды дамыту ортасы жасақталды. Педагогтың баламен жеке жұмысын үнемі осы студияда ұйымдастырамын. Балаларға да өте қызықты.

Дидактикалық ойындарды бейнелеу оқу қызметінде балалардың білімдерін бекіту мақсатында қолданамыз. Мысалы: «Жылы және суық» ойынында балалар жылы және суық түстер арқылы алған білімдерін бекітеді. «Ғажайып кілемше» ойынында түрлі сызықтар мен ою-өрнектер туралы білімдері тиянақталса, «Кемпірқосақ» ойынында түстерді сезіне біледі және бейнені түсіне қарай таңдау, ажыратуды үйренеді. Осы берілген ақпаратты үйірме жұмысында тереңдете жалғастырамын. Себебі, бала тәрбиешімен бірлескен іс-әрекетте шығармашылық дағдыларын дамыту арқылы үйірмеде жасалған жұмысты орындап, оған бір қосымша элемент қосса, шеберлік дағдысы жетіле түседі.

Мен үйірме жұмысында дәстүрден тыс әдіс-тә-



сілдерді қолдану арқылы балаларға сия тамшысы арқылы сурет салғызғанда алдымен қағаз бетіне қылқаламның көмегімен әртүрлі сия тамшысын тамызуды, кейін қағазды үрлеуді, қандай бейнелер пайда болғанын анықтап, одан ертегі құрастыруға, оны электронды кітапхана ұяшығына орналастыруға болатынын баламен бірге жұмыстану арқылы үйретемін. Жіппен жұмыс жасағанда қағазды бір-біріне теңестіріп, ортасынан бүктеп, ашып қояды. Қылқаламды бояуға малып, бір жартысына шашырату арқылы түрлі-түсті тамшылар түседі. Жіптің екі шетін түйіп, бірінші түйіншегін қағаздың дәл ортасына салады да, екінші түйіншегін қағаздың сыртына қалдырады. Қағазды бүктеп, сол қолдың бас бармағымен ортасындағы жіптің түйіншегін үстінен басып, оң қолымен жоғары төмен жүргізеді. Осыдан кейін қағазды ашып, жіпті еппен алып тастайды. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, паралоннан төртбұрыш кесіп алып, гуашьқа батырып, көңілді вагон бейнесін шығаруды үйретемін. Кейбір бөліктерін баланың өзіне аяқтауға мүмкіндік бергенде, жұмыс өз нәтижесін береді. Сондай-ақ, қағаз бетіне сызып алып, үстіне жұлмалау әдісін қолдану арқылы желіммен, аңның түсіне байланысты қағаздар жапсырамыз. «Қысқы шыршалар» тақырыбы

бойынша картоптан ойып жасалынған бастырма арқылы шыршаларды бейнелеуге, тіс пастасын пайдалана отырып қарларды ұжымдық жұмыспен бейнелеуге болады. Міне, осы тәсілдерді үйірменің әр жұмысында ыждағатпен жасауға ынталы болсақ, еңбегіміз де жемісті болады. Сонымен қатар, бейнелеу оқу қызметінде сергіту сәттерін қолданудың маңызы ерекше екені бәрімізге белгілі. Себебі, балалар қозғалмай бір әрекетпен айналысқан кезде, тез шаршайды. Балалардың бір орында ұзақ уақыт отырып қалмауын, жалығып кетпеуін ескеріп, оқу қызметін ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Музыкалық ойындар мен саусақ қимылдарын жетілдіру жұмыстары баланың жұмысын жақсы атқаруына мүмкіндік береді. «Үйірменің үйретері көп» – дегендей, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында үйірмелерді көптеп ұйымдастыру бала дамуына ерекше әсер етеді. «Шебер қолдар» сурет үйірмесі арқылы іс-тәжірибемнің нәтижесінде баланың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы жоғары деңгейге көтерілді. Балалар бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерін меңгереді. Қол және саусақ бұлшықеттері жетіле түсті. Зейін, қабылдау, қиял, ойлау қабілеттері дамып, өздері салған суреттерін сөйлете білуге үйренді.





«ӨЛКЕМІЗГЕ КҮЗ КЕЛДІ!»



ИМАНБАЕВА Жайнагүл,
№11 «Шағала»
балабақшасының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Бөлімі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер, жыл мезгілдері туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру.

Шаттық шеңбері:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жарқырайды даламыз.

Қайырлы таң балалар,

Қайырлы таң қонақтар!

– Балалар, бүгінгі ашық оқу қызметімізде Алтын күз туралы әңгімелейміз. Айтындаршы, бір жылда неше мезгіл бар? (Төрт жыл мезгілі бар).

– Дұрыс айтасындар, қазір жылдың қай мезгілі? (Күз мезгілі).

– Күз мезгілі келгенде күн салқындайды. Адамдар жылы киінеді. Ағаштың жапырақтары сарғайып, жерге түсе бастайды. Құстар жылы жаққа жол тартады. Күзде жеміс-жидектер мен көкөністер піседі. Дикандар алқаптағы астықтарын жинап алады. Сондықтан, күзді берекелі жыл мезгілі деп айта аламыз. Балалар, күз туралы кім тақпақ біледі?

Мұхаммед:

Сап-сары манай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құстар кетті қайтып.

Айзере:

Алақай, алақай,

Шаттанды балақай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Балауса:

Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Бір уыс дән шаштықта,

Қап-қап қауын алдық біз.

Нүрсәуле:

Көрініп еліме,

Күндері мереке.

Келді ғой жеріме,

Күз дейтін береке.

Асу:

Қуантып біздерді,

Кел жемісті алтын күз.

Өлкемізге күз келді,

Кемелденсін халқымыз.

– Жарайсындар, балалар!

Ғажайып сәт: Алтын күздің келуі.

Алтын күз: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен туралы айтқан тақпақтарыңды естідім. Ризалығымды білдірейін деп, сонау алыстан қонаққа келдім. Сендерге арнайы ойын ала келдім. Бірге ойын ойнайық.

Ойын: «Көлеңкесін тап».

Ойынның шарты бойынша балалар көлеңкесінен көкөністерді табады.

Алтын күз: Жарайсындар, балалар! Өте алғыр екенсіңдер.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымен жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Тапсырма. Балалар күзгі жапырақтың суретін салады. (Алтын күз балалардың ұжымдық жұмысына ризалығын білдіріп, марапаттайды).

*Маңғыстау облысы
Мұнайлы ауданы*



«ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕР»



ШАРИЕВА Марина
Гарифуллақызы,
 Атырау қаласындағы «№12
 «Үміт» бөбекжай-бақшасы»
 КМҚК-ның тәрбиешісі,
 педагог-модератор

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балаларды жемістер мен көкөністерді орынды пайдалана білуге үйрету. Күзгі еңбек түрлерімен таныстыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Жемістер мен көкөністердің аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендер, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін тереңдету арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жемістер және көкөністердің адам ағзасына қажеттілігін ұғындыру. Алған теориялық ақпаратын өмірде қолдана білуге үйрету.

Педагогикалық технология: Ойын технологиясы.

Ресурстармен қамтамасыз ету: Көкөністер, жемістер, алама, алмұрт ағашы.

Билингвальды компонент: Алма-яблоко, апельсин-апельсин, картоп-картошка, сәбіз-морковь.

Сөздік жұмыс: Дәрігер, салат, қышқыл.

Шаттық шеңбері:

Қуан шаттан, қуан шаттан,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң, қайырлы күн,

Күліп шықты күн бүгін.

Табиғат біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? (Күз мезгілі).

– Күзде қандай өзгерістер болады? Неліктен күзді жомарт күз деп атаймыз?

(Себебі күзде барлық жемістер мен көкөністер, дәнді дақылдар піседі. Күз мезгілі өзімен бірге құт-береке, ырыс алып келеді).

– Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуі бүгінгі оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы болмақ. Дайынсындар ма? (Иә).

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңырқатты. (Алма)

Бақшада өседі, көп өнім береді. (Көкөніс)

– Сонымен, балалар бүгінгі оқу іс-әрекетімізде

жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз. Жемістер бақта, яғни, ағашта, ал көкөністер бақшада өседі. Оларға күтім көрсететін адамды бағбан дейміз. Бағбан – жемістер мен көкөністерді өсіріп, күтіп қарайды. (Осы сәтте топқа бала кіріп келеді).

Бала: Сәлеметсіздер ме, мені Бағбан ата жіберді. Атамның бау-бақшасындағы жемістер мен көкөністер пісті. Оларды жинап үлгермей жатыр, сендерді көмекке шақырады. Көмектесесіңдер ме? (Иә).

– Балалар, бағбан атаға көмектесу үшін, ол жерге немен барамыз?

Бала: Мен ат арбамен келдім, сендерді өзім апарамын.

(Балалар келісіп, ат арбаға отырады).

Ән: «Қошақан».

– Балалар, міне біз бау-бақшаға да келіп қалдық. Қане, арбадан түсейік. Балалар, мұнда жүгірмейміз, тәртіпті боламыз, ағаштардың бұтақтарын сындырмаймыз, жапырақтарды жұлмаймыз. Еңбек құралдарымен абайлап жұмыс істейміз.

Мұнда қараңдаршы, бау-бақша қандай әдемі! (Алдарынан Бағбан ата шығады).

Бағбан ата: Сәлеметсіңдер ме, балаларым! (Сәлеметсіз бе, Бағбан ата. Сізге көмекке келдік). Бағбан ата балаларға тапсырмалар береді.

1-ші тапсырма: «Жемістер мен көкөністерді ата». (Балалар жемістер мен көкөністерді атап, оның түсін, пайдасын айтады).

– Балалар, алма түрлі аурулардың алдын алуға көмектеседі. Лимон цитрусты жеміс. Ол С дәруменіне бай, қан айналымын жақсартады. Банан В6 дәруменіне бай. Сүйек, тырнақ, шаштың өсуіне оң әсерін тигізеді. Ал көкөністердің ішіндегі қызанақ, тағам ретінде өте пайдалы. Сондай-ақ, онда С дәрумені өте көп.

Сәбіздің құрамындағы А дәрумені адамның бойын өсіреді, көру қабілеті мен теріні жақсартуға ықпал етеді. Картоп та дәрумендерге өте бай. Құрамында калий, темір, магний, натрий және фосфор бар. Жалпы жемістер мен көкөністер адам ағзасына өте пайдалы.



Сергіту сәті:

Биік-биік ағашта,
Алма өсті көп болып.
Шелек, себет алдық та,
Баққа бардық топ болып.
Алма баққа барамыз,
Алма теріп аламыз.
Ең үлкен алманы,
Анамызға сыйлаймыз.

2-ші тапсырма: «Төртіншісі артық» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты бойынша адамдарға зиянды заттарды сызып көрсетеді.

3-ші тапсырма: Бауда ма, бақшада ма?

Ойын шарты бойынша жемістерді ағашқа, көкөністерді жерге орналастырады.

Бағбан ата: Балалар, маған көмектескендерің үшін көп рахмет. Менімен бірге түскі ас ішуге қалыңдар. Мен сендерге салат дайындаймын.

– Бағбан ата, біздің балабақшаға оралатын уақытымыз болды.

Бағбан ата: Олай болса, мен сендерге дайын кесілген салатқа қажетті көкөністерді салып беремін. Балабақшаға барған соң өздерің салат жасаңдар. Ал жемістерді жуып жейсіндер. Сендерді менің немерем ат арбамен апарайды. (Балалар Бағбан атамен қоштасып, балабақшаға оралады).

Қорытынды.

«ҚҰЛПЫНАЙ МЕКЕНІ»



ИСАТАЕВА Эльмира
Зинелқарапқызы,
Орал қаласындағы №12
«Аленушка» бөбекжайының
педагог-зерттеушісі

Мақсат-міндеттері: Құлпынайдың шығу тарихы туралы әңгімелеу арқылы балалардың білімдерін толықтыру. Бақтағы құлпынайды суару, күтіп-баптауға үйретіп тәрбиелеу.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Теледидардан «Принцесса Клубничка» (АҚШ, 2010) мультфильмін көрсету.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, картамен жұмыс. «Гүл-



дену кезіндегі күтім» танымдық бейнеролигін көрсету. Бақтағы құлпынайды суару, күтіп-баптау.

Көрнекі құралдар: Құлпынайдың суреттері, дүние жүзілік карта.

Шаттық шеңбері:

Бақшамызға барамыз,
Досымызды табамыз.
Сәлемет пе, міне мен,
Доспын енді сенімен.

Ғажайып сәт: (Есік ашылып, қонаққа Құлпынай балақай келеді).

Құлпынай: Сәлеметсіздер ме? (Балалар үш тілде амандасады).

Құлпынай: Мені таныдыңдар ма? (Иә, сен құлпынайсың).

Құлпынай: Балалар, сендер мені ұмытпапсындар ғой.


– Иә құлпынай, біздің балалар сені қалай ұмытсын, біз сені жаз бойы су құйып баптап, күттік қой.

Құлпынай: Көп-көп рахмет! Балалар, мен өзімнің қай елден шыққанымды, мекенім қай жер екенін білгім келеді?

– Әрине. Балалар, біздің де білгіміз келеді ғой. Мен сендерге түсіндірмес бұрып бәріміз орнымыздан тұрып тынығып алайық.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,
Қолды белге қояйық.



Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып алайық.
Картамен жұмыс.

– Құлпынай, сені өсіретін біздің ел ғана емес. Еуропа, Италия, Испания, Франция елдерінде кең таралған жидектердің бірісің. («Гүлдену кезіндегі күтім» танымдық бейнеролигін тамашалау).

Дидактикалық ойын: «Фруктовый микс».

Мақсаты: Құлпынай туралы түсінік қалыптастыру.

Шарты: Үлестірмелі материалмен жұмыс барысында құлпынайдың пайдасы туралы айта отырып, оның атауын үш тілде айтып беру.

– Құлпынай, сенімен бірге бақшаға барып достарыңды баптап күтейік. Қане, балалар көмек көрсетеміз бе? (Иә).

Балалар әрі қарай бақшаға барып құлпынайды баптап күтеді.





«ҚОЖАЛЫҚҚА САЯХАТ»



АХМЕТОВА Ақтолықын
Өмірғалиқызы,
№12 «Аленушка» бөбекжайы
МКҚК-ның тәрбиешісі

Білім беру саласы: Қатынас.

Оқу іс-әрекеті: Сөйлеуді дамыту.

Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты тақпақтар айтқызып, сұрақ-жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, көрсету, дидактикалық ойындар.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті, слайд, үйдің, қораның макеті, ойыншықтар.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, амандасу – адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы. Сондықтан қонақтармен амандасып алайық. (Балалар амандасады).

– Балалар, бүгін біз шаруа қожалығына барамыз. Бізге қожалыққа көмек керек деген хабар келді. Онда нелер бар? (Сыыр, қой, тауық, ара).

– Балалар, сиырды сауып, одан сүт аламыз. Сүттен тағы қандай өнім өндіріледі. (Айран, қаймақ, май, ірімшік т.б.).

– Дұрыс айтасындар, ендеше сиыр туралы кім тақпақ айтады?

Ақнур:

Көк сиыр бұзау туғанда,

Қамап қойдық қораға.

Көк сиыр тұрды мөніреп,

«Қайда менің балам», деп.

Дильназ:

Ащы шөпті сүйеді,

Үйір-үйір жылқылар.

Су бойында шұрқырар,

Табын-табын сиырлар.

Сергіту сәті. (Музыка әуенімен).

– Балалар, қой қорасынан шығып кетіпті. Оны қораға қамайық. Қойдан біз не аламыз?

(Сүт, ет, киім).

– Қой туралы кім тақпақ айтып береді?

Асылым:

Қой баласы қоңырым,

Қойдан жуас момыным.

Шопан ата түлегі,

Қошаканым қайдасың?

– Ал енді, тауықтарға жем берейік. Біз тауықтан не аламыз? (Жұмыртқа).

– Олай болса, жұмыртқаларды жинап алайық. Одан аналарымыз тәтті тамақтар пісіреді. Тауық туралы кім тақпақ айтып береді?

Асия:

Үйір-үйір балапан,

Үйірге кім үйретті?

Үйір-үйір балапан,

Үйірге өзім үйреттім.

Сұлтан:

Ақ тауық-ай, ақ тауық,

Ақ тауық неткен қақсауық.

Ертемен қыт-қыттайды.

Ауламыздан шықпайды.

– Жарайсындар! Мына дыбыс ненің дыбысы? (Араның дыбысы).

– Аралардан біз бал аламыз. Балдан тәтті пісіреміз, шайға қосып ішеміз.

Балалар, кім мақал-мәтел біледі?

Айлин:

Ат аяған жерге қарар,

Құс аяған көкке қарар.

Ахмедияр:

Бақпаса мал өспейді,

Баптамас егін өспейді.

Хан:

Ел көркі – мал,

Өзен көркі – тал.

Хиуаз:

Семіздікті қой ғана көтереді.

Жылқыда өт жок, құста сүт жок.

– Балалар, бүгін біз шаруа қожалығына көмектестік.

Қожайын: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Менің қожалығыма келіп, көмектескендерің үшін рақмет. Мына сыйлық сендерге, қабыл алындар. Қожалыққа тағы да келіндер.

Қорытынды.



«ҮЛКЕН ЖӘНЕ КІШКЕНТАЙ ҮЙШІКТЕР»



КЕНЕЛДИКОВА Гулбаршын Жагорқызы,
«Айналайын» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Оқу қызметінің мақсаты: Балаларды заттардың көлемін және түсін сәйкестендіріп, ажыратуға үйрету; үшбұрыш, дөңгелек, шаршы пішіндерін қолданып, үйшіктерді құрастыруға жаттықтыру. Үй жануарлары және олардың төлдері жөнінде түсініктерін пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Бала тілін үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын салыстыруда «үлкен», «кішкентай», «үйшік» сөздері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер: Аудиожазба тыңдау, дамытушы ойын-жаттығу, сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, бейнеролик көрсету.

Құрал жабдықтар: Аудиожазбалар (жылқы, сиыр, қой дыбыстары), көрсеткіш, геометриялық пішіндерден құрастырылған, көлемдері мен түстері әртүрлі екі үйшік; өлшемдері үлкен және кішкентай үйшіктерге сай келетін үй жануарлары мен олардың төлдерінің суреттері; үшбұрыш, шаршы, дөңгелек пішіндерінің макеттері; Қарт МакДональд бейнеролигі.

Үлестірілген материалдар: Геометриялық пішіндер жиынтықтары. Балалар санына сай құлыншақтардың маскалары.

Оқу қызметінің барысы: Аудиожазба тыңдау.

– Балалар, естідіңдер ме? Мынау ненің дыбысы? (Жылқы, сиыр, қой).

Атай алмаған балаларға көмектесу. Жануарлардың суреттерін көрсету.

Негізгі бөлім: «Үлкен-кішкентай үйшіктер» зерттеу ойыны.



Балалар кілемге, жарты шеңбер көлеміндегі орындықтарға шақырылады. Тақтаға геометриялық пішіндерден құрастырылған, көлемдері мен түстері әртүрлі (мыс., сары мен көк немесе қызыл мен жасыл) екі үйшік ұсынылады. Үстелде үй жануарлары мен олардың төлдерінің суреттері жұптасып жатады. Олардың көлемдері әртүрлі. Үлкен және кішкентай үйшіктерге сай келетіндей болады.

– Балалар, менде екі үйшік бар. Мына үйшік үлкен, ал мынау үйшік кішкентай. (Көрсеткіш таяқшамен көрсету). Қайталайық.

– Осы үйшікті көріп, бізге үй жануарлары мен төлдері келді. Оларды осы үйшіктерге орналастырып көрейікші. Мынау жылқы, ал мынау құлыншақ. Қасым, келіп жылқы мен құлыншақты үйлерге орналастыршы. (Орналастырады).

– Жарайсың, жылқы үлкен, демек үлкен үйге. Айару, Медина үлкен жылқыны қай үйге орналастырды? (Үлкен үйге).

– Көзайым, ал кішкентай құлыншақ қай үйге барды? (Кішкентай үйге). Осы тәртіппен сиыр мен бұзау, қой мен қозы, тауық пен балапан өз көлемдеріне сай үйшіктерге орналастырылады. Үлкен үйшікте үй жануарлары. Кішкентай үйшікте төлдері.

Сергіту сәті: «Құлыншақ».

Педагог балаларды ашық алаңға шақырады, бастарына құлыншақтардың маскаларын кигізеді.

– Балалар, қазір біз құлыншақтар боламыз. Мен бөлменің үш жеріне үш түрлі геометриялық пішінді білдіретін белгілерді қадап қойдым.



Бұл қандай пішіндер? (Үшбұрыш, шаршы, дөңгелек).

– Бұл біздің түрлі қоршауларымыз. Мен: «Құлыншақтар, үшбұрышқа, дөңгелекке, шаршыға



қарай шауып барындар!» – десем, сендер сол пішінге қарай жылжисындар. Құлыншақтар қалай қимылдайды, көрсетіңдерші. Жарайсыңдар! (Педагог бәсеңдеу дыбыста «Құлыншақтар» атты әуен жазбасын қосып қояды. Балалар белгілі пішін суретіне жеткен сайын, жазбаны тоқтатып тұрады).

– Құлыншақтар, үшбұрышқа шауып барындар! Жаксы.

- Дөңгелекке шауып барындар! Тамаша.
- Енді шаршыға шауып барындар! Бәрекеңді!
- Өз орындарымызға барып, отырайық.

«Үйшік салайық» іс-тәжірибе жаттығуы.

Максаты: Геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету.



Жаттығу үстел басында орындалады. Әрбір бала алдына «Санауды үйренемін» атты пеналдан үшбұрыш пен шаршы беріледі.

– Балалар, бүгін біз үй жануарларына үй салып берейік. Үйшікті салу үшін біз шаршы мен үшбұрышты аламыз. Алдарында шаршы бар. Көтеріп, маған көрсетіңдер. Ислам, сенде не бар? (Шаршы бар).

– Шаршыны алдарыңа қойындар. Енді үшбұрыш керек. Үшбұрышты көрсетіңдер.

– Айым, сенде не бар? (Үшбұрыш).

– Үшбұрышты шаршының үстіне қойындар. (Үстелдерді аралап, тексеру).

– Міне, тамаша үйшік салдық. Тақтадағы үлгіге көңіл аударуға болады.

Күрделі тапсырма: Әр баланың үйшігіндегі пішіндер әртүрлі түсте болуы мүмкін. (Бейнеролик көрсету).

Қорытынды.

*Атырау облысы
Махамбет ауданы
Талдықөл ауылы*

«СИҚЫРЛЫ ПІШІНДЕР»

СИСЕНОВА Назымгул Багитжанқызы,
Атырау қаласындағы №4 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

Максаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр-түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру. «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға, көп-біреу (біреу-көп) сұрақтарына жауап беруге үйрету. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік аласа) салыстыруды, кеністікті бағдарлауды үйрету. Балалардың ой - өрісін, қол моторикасын, логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Пішіндер, үлестірмелі материалдар, сиқырлы дорба, желім, ермексаз.





– Балалар, бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? (Жақсы).

– Бір жылда неше мезгіл бар? (Төрт мезгіл бар).

– Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз мезгілі).

– Күз мезгілінің ерекшеліктерін атандаршы. (Балалардың жауабы).

– Бүгінгі іс-әрекетімізді ойынмен бастаймыз.

Ойын: «Кедергілерден өт».

Балалар үш топқа бөлінеді: Үшбұрыш, шеңбер, шаршы.

Үшбұрыш тобына тапсырма: Кеңістікті бағдарлап орналастыру.



Шеңбер тобына тапсырма: Заттардың пішіндерін, түстерін тауып сәйкестендіру.

Шаршы тобына тапсырма: Жұлдызқұрттың түстерін берілген суретке байланысты орналастыру.

Сергіту ойыны: «Кім шапшаң?».

Тапсырма: Көк үшбұрышты топ – көк үшбұрыш пішінін жапсырады. Сары шаршы тобы – шаршының суретін бояйды. Қызыл шеңбер тобы – ермексаздан дөңгелек пішінін жасайды.

Ойын: «Сиқырлы дорба».

Шарты: Берілген заттардың қандай пішінге ұқсайтынын табу.

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛ ӨНЕРІ»

АБДРАХМАНОВА Айгуль Жумағалиқызы,
МКҚК «Гаухар» балабақшасының тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларды халқымыздың ұлттық құндылықтарымен, салт-дәстүрімізбен таныстыру. Оларға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Киіз басу жұмысы барысындағы мәнерлік элементтеріне назар аударту. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту. Өткен ұйымдастырылған іс-әрекетке шолу жасау. Түрлі-түсті жүнді пайдаланып, қазақтың ою-өрнегін киіздің үстіне түсіру.

Сабақ түрі: Жаңа технологияны меңгеру.

Әдісі: Түсіндіру, көрсету, жасату.

Қажетті құралдар-жабдықтар: Қойдың макеттері, қойдың жүні, киіздер, киіз үй, сабаулар және өткен іс-әрекеттегі балалардың басқан киізі. Ұйымдастырылған іс-әрекет әсем безендірілген ұлттық бөлмеде өткізіледі.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендерді көргеніме



өте қуаныштымын. Кім біледі, не үшін біз осы казаки ұлттық бөлмеде кездесеміз? (Балалардың жауабы).

– Дұрыс айтасындар, біз мұнда ата-бабаларымыздың тұрмыстық бұйымдарымен танысамыз. Қайда тұрғанын, немен айналысқанын білетін боламыз. Балалар, бүгін бізге қонақтар келді. Біз өзіміздің білімімізді, іскерлігімізді көрсетейік.

Ғажайып сәт: Алдар көсенің келуі.

Алдар көсе: Сіздер мұнда не істеп жүрсіздер?

– Алдар, сен не істеп жүрсің? Бізге кедергі жасама.

Алдар көсе: Мен кедергі жасамаймын. Бөлмелерін өте әдемі екен. Мен осында қалайыншы, өтінемін!

– Жарайды!

– Балалар, айналамызға қарайықшы, не көріп тұрсындар? (Үй жануарлары мен олардың төлдері).

– Олар қайда мекендейді, немен қоректенеді, оларды біз қалай баптаймыз? Қой бізге не береді? (Балалардың жауабы).

– Мынау не? (Жүн).

– Ол не үшін керек? (Қолғап, жемпір, шұлық тоқиды, киіз басады).

– Киіз не үшін керек? (Киізбен ата-бабаларымыз ағаш үйлерін қаптаған, төсеніш ретінде қолданған).

– Ал сол киізді қалай басқанымыз естерінде ме? (Алдымен жүнді жуады, тазартады, сабалайды. Шидің үстіне жүнді төсеп, ыстық сабынды суды шашып, киізді пісіреді. Білекке салады).

– Жарайсындар, балалар, өткен әрекеттерді ұмытпапсындар. Бүгін, сендер, киіздерінді әсемдейсіндер. Алдар көсе, сенде қарап тұрма. Балаларға көмектесіп, өзің де үйреніп ал. Киізді әсемдеген кезде түрлі-түсті жүнді қолданамыз. Ол үшін, бізге ою және жүн қажет. Басқан киізіміздің үстіне оюларды қиып дайындап қоямыз. Оюдың ішін жүнді созу, түту арқылы толтырамыз. Жайлап қағазды алып, оюмыз жылжып кетпеу үшін үстіне мата жаямыз. Сонан соң ыстық сабынды сумен, шашу арқылы жүнді сулаймыз. Шиді киізбен бірге ораймыз, басамыз, білектейміз. Киізімізді кептіреміз. Осылайша киіздің үстіне оюларды түсіреміз.

Ойын: «Ханталапай».

Ойыннан соң Алдар көсе балалармен қоштасады. Тәрбиеші оқу іс-әрекетін қорытады.

*Ақтөбе облысы
Темір ауданы*

«ЖОҒАЛҒАН НОТАЛАР»



АУБЕКЕРОВА Венера

Қармысқызы,

Атырау қаласындағы
«№12 «Үміт» бөбекжай-
бақшасы» КМҚК-ның
шебер санатты саз жетекшісі

Мақсаты: Балалардың еске түсіру, есте сақтау қабілетін дамыту. Эстетикалық талғамын қалыптастыру. Музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге, ән мәтініне сәйкес үйлесімді қимыл-қозғалыс жасауға талпындыру. Балалардың бойындағы эмоцияларды дамыту. Әнді динамикалық белгілеріне сай айтуын дамыту. (Балалар марш ырғағымен саз залына кіреді. Қонақтармен амандасады).

– Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімізге келген қонақтарға ән сабағында не үйренгенімізді көрсетейік. Сендер ән салғанды, жалпы музыканы жақсы көресіңдер ме? (Иә).

– Музыканы жақсы көру үшін не істеу керек? (Музыканы тыңдау керек).

– Дұрыс айтасындар. Олай болса, қазір біз музыкалық шығарманы тыңдаймыз.

Музыка тыңдау: «Қараторғай». Ақан сері.

– Музыкалық шығарманың көңіл-күйі қандай? (Көңілсіз).

– Дұрыс айтасындар. Өйткені, Саз әлемінің Ханшайымы өз балаларын жоғалтып алыпты. Сол үшін көңіл-күйі жоқ. Қалай ойлайсындар, балалары кім екен? Оны жұмбақтың шешуін табу арқылы білесіңдер.

Бес жолмен жүреді,


Барлық әуенді біледі. (Нота)

– Дұрыс айтасындар, балалар. Неше нота болады? Атап өтейік. (До, Ре, Ми, Фа, Соль, Ля, Си. Барлығы 7 нота).



– Балалар, қарандаршы, ноталар осындай үйшікте тұрады екен. Ол ноталық стан деп аталады. Үйшік неше қабаттан тұрады, неше сызық көріп тұрсындар, санайық. (5 сызық).

– Ноталардың үйшігін қандай кілтпен ашамыз? (Скрипка кілтпен ашамыз).




– Балалар, қарандаршы, ноталық станда неше нота бар? Неше нота жетпей тұр? (Барлығы 7 нота. 3 нота жетпей тұр).

– Олай болса, жоғалған ноталарды тауып берейік.
Музыкалық ойын: «Жасырылған ырғақ».




Балалар, бірінші нота табылды.



– Келесі нотаны табу үшін мына жолмен жүрейік.
Музыкалық ойын: «Сиқырлы фигуралар».

Музыкалық викторина: «Қандай музыкалық аспап?». (Екінші нота табылды).




Нейрожаттығулар. (Үшінші нота табылды).

Ән айту. Мнемотехнология арқылы жасырылған әндерді, көңілді әуен арқылы музыкалық ырғақты жаттығуларды орындау.

– Балалар, естілген әуен қандай? Көңілді ме? (Иә).

– Ол Саз әлемі Ханшайымының сендерге ризалығын білдіруі. Сендер оның барлық жоғалған ноталарын тауып бердіңдер.



(Слайд)

– Балалар, жарайсындар! Сендерге не ұнады? (Балалардың жауабы).

– Олай болса, келесі жолы тағыда осындай сазды саяхатқа шығамыз. Ал қазір қонақтармен қоштасайық. (Балалар қонақтармен қоштасып, маршпен саз залынан шығып кетеді).



«КҰСТЫҢ ҰЯСЫ»



КЕНЖЕШОВА Мария,
«Нұршуақ» бөбекжай-
бақшасының тәрбиешісі

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Таным білім саласы бойынша құрастыру.

Оқу қызметінің мақсаты: Балаларды құс ұясын жасауда қорап, үйшік жасауды еске түсіріп, құрастыру амалдарын қолдануға үйрету; призманы шатыр түрінде қолдануды меңгерту; педагогтың әдістеріне және үлгіге сай құрылыс нысанын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен ақыл-ойын дамыту; балалардың құрылыс материалдарынан құрылыстар жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; табиғат өзгерістерін байқай білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Құрылысқа қатысты қимыл-әрекеттерді қарапайым сөздер және сөз тіркестерімен сүйемелдеу қабілетін қалыптастыру; сөйлеуді, ағаштан, аяла, құс ұясы, қоямын, саламын, қосамын сөздері арқылы жетілдіру.

Әдіс-тәсілдер: Аудиожазба тыңдау, көркем сөз, үлгіні зерттеу, құрастыру амалдарын көрсету, сергіту сәті, өздік іс-әрекет, жеке жұмыс, дайын өнім үшін мақтау.



Көрнекілік материалдар: Жылы жақтан қайтқан құстардың дыбысының жазбасы, балапандардың шикылдаған үні, ұя суреті, ойыншық құстар, ағаштан құрылған құс ұясының үлгісі; көрсеткіш; құрылыс материалдарының жиынтығы. Ойыншық үйрек пен тауық балапандары. (Пластик, резина).

Шаттық шеңбері.

– Балалар, көңіл-күйлерің қалай? (Жақсы).

– Тамаша, бүгінгі ашық ұйымдастырылған іс-әрекетімізді бастаймыз.

Аудиожазба тыңдау. Тосын сәт. Құстардың дыбысы қосылады.

– Балалар, құстар жылы жақтан өз жерімізге ұшып келді. Олар үшін де туған жер қымбат екен. Бәрі сағынып келіп, шулап жатыр, естідіңдер ме? (Иә).

Құстардың суретіне назар аударту. Құстардың пайдасы туралы әңгімелеу.

Дидактикалық ойын: «Торғайдың көлеңкесін тап».

Көркем сөз. (Педагог мәнерлеп оқиды).

«Құстарға ұя салайық»

Алыс жақта қыстаған,

Туған жерін сағынған.

Құстар сайға қайтады,

Өнін шырқап айтады.

Мейірімді болайық,

Құсқа ұя жасайық.

Ұя болса ағаштан,

Тонбайды балапан.

Сергіту сәті. «Жел соғады».

Педагог сөздерін айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды.

Бірғақты, темпі төмен көңілді әуен жазбасы.

Мәтін мен әуен ырғағына сай қимылдау, жел мен ағаштарша қимылдар жасау.

«Құс ұясы» үлгісін зерттеу. (Ағаштан жасалған).

– Бұл не? (Құстың ұясы).

– Ол неден жасалады? (Ағаштан).

Құрастыру амалдарын көрсету. «Ұя құрастырамын».





– Балалар, ұяны геометриялық пішіндер арқылы картоннан құрастырамыз. Міне, тамаша, әдемі құс ұясын құрастырдық.

Құстар туралы мақал-мәтел, тыйым сөздер айту.

Құстың ұясын бұзба!

Құстың балапанына тиіспе!

Құсқа тас лақтырма!

Құсты атуға болмайды.

Шағала келмей жаз болмас.

Қаз келсе жаз болар.

Ойын: Құстарға жем береміз.

Аудиожазба тыңдау. Жұмыртқаны жарып шыққан балапандардың дыбысы қосылады.

– Міне, балалар, жұмыртқаны балапандар жарып шықты. (Дыбыс шығады).

– Бұл ненің балапандары? (Құстың).

Дайын өнім үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.

*Атырау облысы
Махамбет ауданы
Махамбет ауылы*



«ДАЛА ҚҰСТАРЫ МЕН ҮЙ ҚҰСТАРЫ»



**НУРГАЛИЕВА Камила
Женисбайқызы,**
№11 «Шағала» бөбекжайының
тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным.

Ұйымдастыру оқу қызметі: Жаратылыстану.

Мақсаты: Балаларға құстар туралы мағлұмат беру, ой-өрістерін дамыту, Дала және үй құстары туралы білімдерін жетілдіру. Олардың пайдасы, тіршілігі туралы түсінік беру. Құстарды бір-бірінен ажырату. Балаларды өз бетімен жұмыс істеуге машықтандыру. Сөздік қорын дамыту. Құстарға қамқорлық көрсетіп, табиғатты аялап, оған жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Сөздік, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: Тіл дамыту. Таным. Қоршаған ортамен танысу.

Көрнекі құралдар: Табиғат суреттері, құстар, үлес-тірмелі материалдар.

Шаттық шеңбері.

– Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі? (Қыс мезгілі).

